



СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ КОМИССИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ БОЙЫНША АРНАЙЫ КОДЕКС КЕРЕК



2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процессуалдық кодекс өзгертулер мен толықтырулардан көз ашпай келеді. Соның әсерінен қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық заңнамадағы кемшіліктер қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қылмыстық қудалау органдарының тергеуі мен соттардың қарау мәселелерінің шешілуін одан әрі алшақтата түсуде.

Мұндай кемшіліктердің бар екеніне 12 және 15 ақпанда Жоғарғы Сот пен Бас прокуратураның қатысуымен өткен кеңесте Мемлекет басшысы арнайы назар аударып қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты тапсырма жүктеген болатын.

(Соңы 3-бетте)




ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ

2-бет



КОРОНАВИРУС: БІР ЖЫЛДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

4-бет



КӨЛЕҢКЕ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Юрий ИЛЬИН,
ҚР Төтенше жағдайлар
министрі:

«ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙДЫҢ
БАСТЫ СЕБЕПКЕРІ
– АДАМ...»



– Сіздің министрлік Үкіметтің құрамындағы «ең жасы». Төтенше жағдай министрлігінің құрылуы құтқару қызметінің жұмысына қалай әсер етті?

– Төтенше жағдайлар министрлігі қайта құрылғалы бері азаматтық қорғау саласындағы заңнаманы қайта қарау, заңнан туындайтын актілерге өзгерістер енгізу, операциялық және стратегиялық жоспарларды, 2030 жылға дейін азаматтық қорғау органдарын дамыту тұжырымдамасын, 2021–2025 жылдарға су тасқыны қаупінің алдын алуға арналған жаңа жол картасын жасау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Табиғи апаттардың қауіп-қатерін азайту бойынша жұмыс жалғасын табуда.

(Соңы 5-бетте)

КЕРІ БАЙЛАНЫС

ҚАЛА СОТТАРЫ ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Міс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында еліміздегі сот жүйесінің қызметіне ерекше назар аударып, бірқатар тапсырма берген болатын. Президент сот органдарына «азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз, ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығара білу керек» деп қадап айтты. Осы ретте дұрыс және әділ шешімнің бір көрінісі ол істің жоғары сатыларда өзгертілмеуі, қайта дауланбауы екені анық.

Мәселен, өткен жылы Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасында барлығы 346 адамға қатысты 175 сот үкімі шықты. Соның ішінде сот алқасы 6 адамға қатысты сот үкімінің күшін жойып, 61 адамға қатысты 45 сот үкімін өзгертті. Ал, 2019 жылы 22 адамға қатысты сот үкімінің күші жойылып, 90 адамға қатысты сот үкімі өзгертілген болатын. Яғни, екі жылдың көр-

сеткішін салыстырғанда, 2020 жылы сот актілерінің сапасы 1,4 пайызға жақсарған.

Әділ шешім – сот абыройы. Алайда сотқа дейін тиісінше тергеп-тексерілмей, қылмыстың бегі ашылып, дәлелденбеген істердің сотқа түсіп жататыны жасырын емес. Өткен жылы ісінде қылмыстың құрамы жоқ, айыбы дәлелденбеген 16 адам қала соттарында ақталды. Сондай-ақ, осыған ұқсас

себептермен 31 қылмыстық іс кемшілікті жою үшін прокурорға қайтарылды.

Жолдауда «Зандылық пен әділеттілік сөзсіз адам тағдырын өзгертетінін естен шығармау керек» деді. Сондықтан судьялар 2020 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жіберілген қателіктерді көрсетіп, 71 жекеше қаулы шығарды. Бұл өз кезегінде істерді тергеп-тексеруге, заңдылығын бақылауға жауапты органдар жауапкершілігін арттыру мақсатында жасалды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы Жолдаудағы басым бағыттың бірі. Тұжырымдамада берілген: «Билік бұқараға барынша жақын болуы керек» деген тапсырма толық жүзеге асып жатыр. Мәселен, Жоғарғы Сот тапсырмасымен күнделікті БАҚ-қа және әлеуметтік желіге мониторинг жүргізіліп, қалалық, аудандық сот жұмысына қатысты материал шыққан жағдайда, оларға жедел жауаптар беріледі. Азаматтардан қала соттарының қызметіне байланысты түскен сауалдар жауапсыз қалмайды. Жергілікті соттардың барлығы да әлеуметтік желіде өз парақшасын ашты.

(Соңы 2-бетте)

ЖОЛҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР НЕГЕ КӨБЕЙІП КЕТТІ?

Әбді ҚИЯЛБАЕВ, техника ғылымының докторы, Л.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль жолдары академиясының профессоры:

– Жол жұмыстарын қатаң қадағалау керек. Осы қадағалаудың болмауы салдарынан елімізде жол мәселесі ушығып барады. Алдымен тендер өткізетін кезде үміткер құрылыс компаниясының қаншалықты техникалық тұрғыдан жабдықталғанын мұқият тексеру керек. Бір күрегі жоқ компания таныс арқылы тендерді жеңіп алып, мердігер компания атанады. Сосын бөлінген қаржыны шетінен «кертіп жеп», өзі біреуді жалдайды. Нәтижесінде қолдан қолға өткен ақшаның да құты қашады, жолдың да сапасы кемиді. Соған сай жауапкершілік жүгі де жеңілдеп, мәселе шықса бір-біріне сілтеу мүмкіндігі көбейе береді. Сондықтан жол мәселесін азайтамыз десек, алдымен бақылауды тендер кезінен бастауымыз керек.

Елімізде жол құрылысы тоқтаусыз жүріп жатыр. Бірақ одан еліміздегі жол сапасының жақсарып кеткенін байқамай отырмыз. Тіпті салынған соң бір жылға жетпей тоз-тозы шыққан жолдар халықтың наразылығын туғызууда. Жол құрылысындағы қадағалау мен бақылаудың жоқтығы мәселенің өршуіне себеп болып отыр. Ендеше алдағы уақытта бұл жұмыстарды қалай тиімді шешуге болады?

жолдарының жарамдылық мерзімі елу жылға дейін жетеді, тіпті. Яғни бізден басқа елдер жол салу ісін дамытып, заман талабына сай еңбек етуде. Ал біз жол салу ісінде кері кетіп барамыз.

Тоқтамыс МЕНДЕБАЕВ, техника ғылымының докторы, профессор:

– Жол саласында қордаланған мәселе көп. Сондықтан саланы қатаң қадағалауға алатын кез жетті. Әйтпесе, қолданысқа беріле сала шұрық тесік болып, тоз-тозы шыққан жолдар көбейе бермек. Шыны керек дамыған елдер жолдың жиектеріне жылытылып, қарын тез ерітетін, халықтың жүріс-тұрысына ыңғайлы жүргізушілер жолдарын сала бастады. Көлік жолдары жиегіне жақындасаң, дірлідеп белгі беретін, ұйықтап кеткен көлік жүргізушілерін сергітетін ерекшеліктерімен жасалуда. Кейбір елдерде жаяу жүргізушілер жолы астынан жарық түсіріп, өтіп бара жатқан адамды анық көрсететін мүмкіндіктер қарастырылуда. Салған

(Соңы 3-бетте)

КЕРІ БАЙЛАНЫС

ҚАЛА СОТТАРЫ ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндағы мақсат әлеуметтік желі арқылы жергілікті соттарға түскен сауалдар мен өтініштерге уақытылы жауап беру. Қалалық, аудандық сот төрағалары мен көптеген судьялардың фейбукте өздерінің жеке аккаунттары бар. Олардың саны 2019 жылғы 56-дан, 2020 жылы 72-ге жетті. Мысалы, былтыр әлеуметтік желі арқылы қалалық, аудандық және мамандандырылған соттарға түскен 60-тан астам сауалға фейбук арқылы жедел түрде жауап берілді. Сонымен қатар, 2020 жылы аудандық және оған теңестірілген сот кенселерінің фейбуктегі парақшаларына олардың мекенжайлары мен телефон нөмірлері және кенсе менеджерінің аты-жөндері жарияланды.

Былтыр жергілікті соттардың 20-ға жуық кенсе қызметкері фейбукте өз аккаунтын ашты. Жалпы, 2020 жылы қалалық, аудандық және мамандандырылған сот төрағалары мен судьялары өз аккаунттарында 220 пост шығарса, ал сот кенселерінің парақшаларында 256 пост жарияланған. Онда заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар және сот қызметіндегі жаңашылдықтар, сонымен қатар күнделікті атқарылған шаруалармен көпшілік хабардар етілді. Сонымен қатар, БАҚ өкілдерінің қатысуымен қоғамның қызығушылығын тудырған резонанстық істер бойынша және сот жүйесіндегі жаңашылдықтарды жұртшылыққа түсіндіру мақсатында «Ақпараттық орталықта» 50 брифинг пен баспасөз мәслихаты өткізілді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орындаудағы нақты қадамға сот саласын цифрландыру жұмыстарын жатқызуға болады. 2020 жылы қала соттарына 755 қылмыстық іс электронды форматта түскен. Бұл барлық істердің 38 пайызы болса да, 2019 жылға қарағанда өсім бар. Өйткені 2019 жылы небары 364 қылмыстық іс электронды түрде түскен. Бұл кірістегі қылмыстық істердің 18 пайызы ғана. Мұндай тенденция соттардың жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықтан арылтуға септігін тигізуде.

Ербол ЖАНҒАЗИН,
Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

МІНБЕР



Камбар НҰРЫШЕВ,
Қызылорда облыстық сотының төрағасы

қонымды мерзімі, сот актілерінің міндеттілігі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттары, егер бұл осы тарауда баяндалған қағидаттарға қайшы келмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде қолданылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі тағы бір оң жаңашылдық – судья құзыретіне қатысты. Соған сәйкес, жаңа заңнаманы негіз еткен қазылар мемлекеттік органдар мен жеке азаматтар әкелген дәлел-дәйектерді қанағат тұтып отырмайды. Қажет еткен жағдайда судья істі нақтылауға көмектесетін дәлел, құжатты қосымша сұратып, дәйектер толық емес деген жағдайда өз бастамасымен оларды жинауға құзырлы. Сонымен бірге, кодекстегі ерекшелік сот өзі қабылдаған шешімнің орындалуына тікелей бақылау жасайды. Соған орай кодекске «Сот бақылауы» деген арнайы тарау енгізілген. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс. Егер соттың шешімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бірінші сатыдағы сот осы кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ 29 МАУСЫМЫНДА РЕСПУБЛИКА ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКС ҚАБЫЛДАНДЫ. ЖАҢА КОДЕКС 2021 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛМЕК.

Мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасында дау туындағанда басымдықтың қай жақта болатынын айтып, болжам жасаудың керегі жоқ. Мемлекеттік органның алып күш, бірегей институт екені түсінікті. Сондықтан аталмыш құжатта осы теңсіздікті жоюға қадам жасалған. Әрі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберінде енді мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалар әрекетіне шағым түсіре алмауы да оң өзгеріс дер едік. Бұған қоса, жария-құқықтық дауларда азаматтардың бұрынғыдай өзінің позициясының дұрыстығын дәлелдеуі де алынып тасталды.

Жаңа кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары болып табылады. Осы кодекс бойынша әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет.

Сонымен бірге, кодекс талабына сай Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау, әрекетсіздік таныту жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге ұйымдар әкімшілік органдар болып танылады. Осы әкімшілік органдар қабылдайтын актілер ауыртпалық салатын әкімшілік акт және қолайлы әкімшілік акт болып бөлінеді. Өз кезегінде қолайлы әкімшілік акт әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асыратын немесе оған жүктелген міндетті тоқтататын, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде жақсартатын акт болып саналады. Ал ауыртпалық салатын әкімшілік акт – әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартатын, шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде нашарлататын акт болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібіне тоқталатын болсақ, әкімшілік сотта әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Сотқа төрт түрлі талап қоюмен жүгінуге болады, олар дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талап қоюлар. Әкімшілік рәсімдердің міндеттері жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу. Сондай-ақ, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу заңдылық, әділдік, құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау, соттың белсенді рөлі, әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға

соттың ұйғарымын орындамау даусыз тәртіппен осы кодекстің 127-бабының тоғызыншы бөлігінде белгіленген мөлшерде қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келеді.

Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) бастап 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарады, оның көшірмесі ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға табыс етіледі. Ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы мәселені қарау өзіне қатысты мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарлана отырып, сот отырысында жүргізіледі.

Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет, әрекетсіздік үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкілдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер, әрекетсіздік үшін сот 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім бекіту ұйғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Кодексте көзделген татуластыру рәсімдері бабына сәйкес, сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдап, оларға дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдеседі. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол бөлінеді. Егер тараптар татуласу келісімін немесе дауды медиация тәртібінде реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаған жағдайда, сот аталған келісімді бекітсе, талап қоюды қайтару жайлы ұйғарым шығарады. Алайда татуластыру рәсімдері нәтижесінде жасалған келісімнің шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын болса, сот аталған келісімді бекітпейтінін ескеруіміз қажет.

Сотта медиация жүргізу тәртібіне сәйкес, бірінші сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізіндегі судья жүргізуі мүмкін. Апелляциялық сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс, әдетте, соттың алқалы құрамындағы судьялардың біріне беріледі. Кассациялық сатыдағы сотта дауды медиативтік келісім жасау арқылы реттеу туралы өтінішхатпен бір мезгілде тараптар аталған келісімді ұсынуға тиіс. Медиация жүргізетін судья медиация жүргізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Егер басқа адамдардың қатысуы дауды реттеуге ықпал ететін болса, сот оларды медиацияға шақыруға құқылы. Медиация жүргізу хаттамасы сотта жүргізілмейді.

Жаңа заңнама талаптарын жүзеге асыру мақсатында осы кодекс аясында жария-құқықтық қатынастардан туындаған дауларды жаңа талаптармен қарайтын 21 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап қызметін бастайды.

САРАП

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАУ МІНДЕТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНҒА ЖҮКТЕЛЕДІ

Заң – мемлекеттегі құқықтық теңдіктің кепілі. Елдегі тыныштық сақталып, мемлекеттің дамуына кедергі болмас үшін заң мықты, пәрменді болуы шарт. Соған орай тәуелсіздік алған отыз жылдың ішінде құқықтық құжаттардың сапасына, маңызына ерекше назар аударылып келеді.



дағы сапа мен бірінші тәжірибені қамтамасыз етіп, қателіктердің алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар, заңнамада қарапайым азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып, өз құқығын белсенді қорғауына ынталандыру үшін толық жағдай жасалған. Мәселен, құқықтар басымдығының қағидаты бойынша заңнамадағы барлық күмән, қайшылық, түсініксіз жағдайлар әкімшілік рәсімге қатысушының, яғни арыз берушінің пайдасына шешіледі. Енді арыз жазған азаматтар өзінің дұрыстығын, сөзінің негізді екенін дәлелдеп әуре болмайды. Мұның барлығы мемлекеттік органдар міндетіне кіреді. Сонымен бірге, кодексте көрсетілгендей қандай да бір түсініксіз тұстар болса, оның барлығы жеке тұлғалар есебіне жазылады.

Сотқа қатысты қағидаттар да жаңа кодексте жаңаша реттелген. Соған орай, енді судьялар қос тараптың ұсынған дәлел-дәйегімен шектеліп қалмайды. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктеме, арызымен, өтінішхат, олар ұсынған дәлелдермен және әкімшілік істің өзге де материалмен шектеліп қалмай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу мүмкіндігін иеленіп отыр. Кодексе сүйенген судья сонымен бірге өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинап, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерге бастамашылық жасай алады. Сот құзыретінің кеңеюі судьяның құқықтық салдарды алдын ала түсіндіруіне, тараптарға талап қою талаптарын дұрыс тұжырымдап, өзгертуге жәрдем көрсетуге мүмкіндік беретінін де айта кету керек. Бірақ, сот талап қоюдың мәлімделген негіздемесінің шегінен шығуға құқылы емес.

Кодекстің тағы бір жаңашылдығы – әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімінің белгіленуінде. Бұл бұрын болмаған ұғым. Әкімшілік істердің жеке-жеке санаттарын қарау және шешу кодексте белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Яғни, істер талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қаралады және шешіледі. Аса күрделі істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Мұндай өзгерістер елімізде әкімшілік әділет институтының нығайтуына, азаматтардың мемлекеттік органдармен арадағы жария-құқықтық дауларын сапалы, тиімді шешуіне жол ашады.

Айнар ТӨЛЕБЕВ,
Қарасу аудандық №2 сотының судьясы
КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ КОМИССИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ БОЙЫНША АРНАЙЫ КОДЕКС КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық заңнамадағы кемшіліктер көбінесе қылмыстық заңға түзетулердің жүйесіз енгізілуі, көптеген жаңа өзгерістердің қылмыстық және әлеуметтік негізінің болмауы, заң шығару процесін ғылыми тұрғыда түсіндірудің жеткіліксіздігі, заң жобасына берілетін сарапшылардың бағалау жүйесінің болмауы, қоғамдық қарым-қатынастарды жетілдіру барысында қылмыстық қудалау ролінің артуы салдарынан орын алған.

Мысалы, қолданыстағы қылмыстық процесс және мұндағы тергеу, сот барысындағы былық-шылықтың болуы аясында қылмыстық теріс қылық туралы істерді қылмыстық қудалау органдарының тергеуі мен соттардың қарауының тиімсіздігінің себебін ашып қарайтын болсақ, мынадай тәжірибе айқындалып шығады. Бұған дейін белгілі болғандай, «қылмыстық теріс қылық» деген түсінік енгізілгенге дейін қылмыстық-құқықтық сипаттағы ұсақ құқық бұзушылықтар әкімшілік санатына жатқызылатын және мұндай істер, ӘҚБтК қарастырылған ережелерге сәйкес, тез қаралатын және сот ешқандай басқалай құқықтық зардап шектірмейтін әкімшілік жазаға тарту туралы шешім шығаратын. Әкімшілік жазаға тартылғандарды қоғам да қылмысы мойындалғандар сияқты аса қатты жазғыра қоймайтын.

Әкімшілік құқық бұзушылықтарды қылмыстық теріс қылық санатына ауыстыру және оларға қатысты қылмыстық процесс принциптеріне сәйкес сотқа дейінгі тергеу жұмыстарын жүргізу, бір қарағанда, халықаралық стандарттардың талаптарына сай және адамның, азаматтың құқықтары мен

тығы, қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың жиынтығы бойынша ортақ қылмыстық жаза тағайындау нормаларын бекіту, қылмысқа шығарылған үкім мен қылмыстық теріс қылыққа шығарылған үкімнің жиынтығы бойынша ортақ қылмыстық жаза тағайындау, тағы басқалары ойланбай қабылданған

Қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершілікті реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру нұсқасы ұсынылады, яғни материалдық және процессуалдық құқық нормалары бар бөлек Қылмыстық теріс қылық туралы Кодекс (ҚТҚТК) қабылдау керек. ҚТҚТК-де қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершіліктің мақсаттарын, міндеттерін, түсініктерін мен принциптерін айқындайтын жалпы нормалары, қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершілікті қарастыратын баптар тізімі, сотқа дейінгі тергеудің процессуалдық тәртібі және осы санаттағы істердің соттағы өндірісі туралы нақты айтылуы тиіс.

бостандығын қамтамасыз ету, оны негізсіз айыптаудан қорғауға бағытталған дұрыс қадам сияқты көрінеді. Екіншіке орай бұл саладағы заңнаманы реформалау тым қарапайым жүргізілген: қылмыстық теріс қылығы үшін ҚК пен ҚПК-тің барлық ережелерін автоматты түрде кеңейтіп, қылмыстық құқық пен криминология институттарын және принциптерін, басқа да субъективті факторларды ескерместен, Қылмыстық кодекстегі «қылмыс» сөзін «құқық бұзушылық» деп ауыстыра қою арқылы қылмыстық теріс қылығы үшін жауапкершілік институтын енгізе салған. Атап айтқанда, ҚК-гі қылмыстар мен қылмыстық теріс қылықтың жиын-

шешім болып табылады. Қылмыстық заңның бұл ережелері қылмыс пен қылмыстық теріс қылық деген түсініктердің айырмашылығын жойып, қылмыстық теріс қылықты қылмыс түрі ретінде көрсетіп тұр.

Қылмыстық теріс қылық туралы істер бойынша сот өндірісі де қылмыстық істі тергеу мен қарауға жақындатылған. Сонымен, қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеу (хаттамалық нысан) формальды түрде алдын ала тергеуден (жауап алу) бөлектенсе де, ҚПК қылмыс пен қылмыстық теріс қылық туралы істерді қосуды қарастырады және олар бойынша сотқа дейінгі тергеу әрі қарай жауап алу неме-

се алдын ала тергеу түрінде жүргізіледі. Осы және сотқа дейінгі тергеудің жалпы ережелерін қолдануға қатысты басқа да жағдайларға байланысты көп жағдайда қылмыстық теріс қылық туралы істер ұзақ тергеледі. Бұл өз кезегінде ұсақ құқық бұзушылықтар үшін шұғыл жауапкершілікке тарту туралы заңның мақсаттары мен маңызын төмендетуге, сондай-ақ тергеу және сотқа қатысты әуре-сарсаңға алып келеді.

ҚК мен ҚПК-нің жоғарыдағы ережелерімен қолданыстағы қылмыстық теріс қылық үшін қылмыстық жауапкершілік институтын қоғам, жалпы алғанда, жазалаушы ретінде қабылдауда. Егер бұған дейін әкімшілік құқық бұзушылықтың айтарлықтай құқықтық салдары болмаса және қоғам бұл үшін аса жазғыра қоймаса, қазір сот үкімімен қылмыстық кінә ретіндегі дәл осы әрекет үшін қылмыстық сотты болып, ал жауапқа тартылған тұлға қылмыскер болып танылады. Құқықтық статистиканың сот үкімімен қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарды ескере отырып беретін ағымдағы есебінің жазалау сипаты басым. Тек 2019 жылдың өзінде 7 246 тұлға (бұл барлық 27 160 сотталғандардың 26,7%) сот үкімімен қылмыстық теріс қылық үшін сотталып, қылмыскер атанған, 2020 жылы бұл көрсеткіш 5 981 тұлғаны (бұл барлық 29 911 сотталғандардың 20%) құрады.

Осыған байланысты аталған мәселе бойынша қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнамаға елеулі түзетулер енгізу ұсынылады. Айталық, қылмыстық теріс қылық бойынша сот өндірісі жекелеген нормалармен реттеліп, мынадай принциптер орнатылуы тиіс: қылмыстық теріс қылық үшін тұлға сот үкімімен сотталмайды, тек сот шешімімен жауапқа тартылып, қылмыстық жаза тағайындалмайды, қылмыстық жаза қолданылады; қылмыс пен қылмыстық теріс қылық туралы істерді қосуға жол берілмейді, қылмыс-

тар мен қылмыстық теріс қылықтың жиынтығын, сондай-ақ қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың жиынтығы бойынша ортақ қылмыстық жаза тағайындауды алып тастау керек.

Қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеу (хаттамалық нысан) алдын ала тергеуден (жауап алу) бөлектенуі тиіс және неғұрлым қысқа мерзімде, мысалы, 3 тәуліктен көп емес, өндіріске алынуы керек. Сотта қаралуы да осылай тез жүргізіліп, қылмыстық жаза қолдану туралы сот шешімі материал түскен күні шығарылуы тиіс. Осы орайда құқық бұзушыларды қылмыстық кінә үшін сот үкімімен емес, сот қаулысымен қылмыстық жауапкершілікке тарту тұлға кінәлілігі заңды күшіне енген сот шешімімен дәлелденбейінше, қылмыс жасағаны үшін кінәсіз деп есептеледі деген Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-тармағының 1-тармақшасының талаптарына сай болады. (Көрсетілген конституциялық ереже сот үкімі тек қылмыстық істер бойынша ғана шығарылады дегенді білдіреді).

Қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершілікті реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру нұсқасы ұсынылады, яғни материалдық және процессуалдық құқық нормалары бар бөлек Қылмыстық теріс қылық туралы Кодекс (ҚТҚТК) қабылдау керек. ҚТҚТК-де қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершіліктің мақсаттарын, міндеттерін, түсініктерін мен принциптерін айқындайтын жалпы нормалары, қылмыстық теріс қылық үшін жауапкершілікті қарастыратын баптар тізімі, сотқа дейінгі тергеудің процессуалдық тәртібі және осы санаттағы істердің соттағы өндірісі туралы нақты айтылуы тиіс.

Әмірсерік ҚОЖАБАЕВ, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

ТҮЙТКІЛ

МЕРДІГЕРГЕ ЖЕТКЕН ҚАРАЖАТ ЖОЛДАРҒА НЕГЕ ЖЕТПЕЙДІ?

Мемлекет республикадағы барлық жолдардың заманға сай жөнделіп, халықаралық стандартпен ел игілігіне еңбек етуіне жыл сайын қыруар қаражат бөледі. Алайда, қарапайым халық әлі күнге дейін бұл игіліктің нәтижесін көре алмай отыр.

Көктем мен күздегі жауын-шашын мен қар суы бұл ахуалды тіпті ұшықтыра түседі. Сметасыз есептеліп, жергілікті билік тарапынан бөлінетін қаражат неге желі жолдарға жетпейді? Мәселен, Ақтөбе облысында Ембі қаласының әкімі көшелерге тротуарлар мен суағатын каналдар толықтай салынбаса да, мердігерге бюджет қаржысын аударып жіберген. Мұғалжар ауданында прокурорлар «Жұмыспен қамтудың 2020–2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасының жүзеге асырылуына талдау жүргізді. Тексеру кезінде өңірде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан кейбір нысандарда кемшіліктер анықталды. Мәселен, Ембі қаласының әкімі Әлімжан Қорғанбай атқарылмаған жұмыс үшін мердігер компанияға мемлекеттің қаржысын аударып жіберген. Ол мұндай әрекетке қаржыны игеру үшін барған.

– Ембі қаласындағы Есет батыр, З.Бралов және Ж.Амиров көше-

лерінің бойында тротуарлар мен суағатын каналдарды салуға 58 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Мердігерге жұмысты орындауға 2,4 ай уақыт берілген. Көп ұзамай әкімдік «KND Construction» ЖШС-не 22 млн теңгеден астам қаржы аударған. Соңыра жұмыстарды қабылдау туралы актіде арық блоктарының 100% орнатылғаны көрсетіліп, тағы 3 млн 416 мың теңге аударылған. Алайда, 2020 жылдың шілде айында атқарылған жұмыстарды қарау барысында оның толығымен жүргізілмегендігі анықталды. Арық блоктары Есет батыр көшесінің бойында З.Бралов көшесінің қиылысынан бастап А.Құнанбаев көшесінің қиылысына дейін ғана орнатылған. Яғни, «KND Construction» ЖШС-і актіде көрсетілген жұмыстың тек 60%-ын ғана орындаған», – дейді прокурор.

Ембі қаласының әкімі Әлімжан Қорғанбай шілде айында А.Құнанбаев көшесі мен «Домат» дүкеніне дейінгі аралықтағы жұмыстың орындалмағанын мойындады. Өйткені, осы уақытта бұл аумаққа «Қазақтелеком» АҚ-ның кабельдерін орналастырыпты. Дегенмен ол дәлел ретінде прокурорларға ешқандай құжат ұсына алмаған.

Жансая ЕСМАҒАМБЕТОВА, «Заң газеті»

ШАРА



ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Жол-көлік оқиғасын болдырмау мақсатында жуырда Түркістан облысында «Қауіпсіз жол» атты шара ұйымдастырылды. Екі күннің ішінде 2000-нан астам құқық бұзушылық орын алған. Бұл профилактикалық шараның арқасында полицейлер 2144 құқық бұзушылықты анықтады. Атап өтер болсақ, оның 41-ін қоғамдық көлік жүргізушілері жасаған. Сондай-ақ, тәртіп сақшылары көлікті мас күйінде жүргізген он үш жүргізушіні

анықтады. Ал жылдамдықты арттырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке бір жүргізуші тартылды. Қарама-қарсы қозғалыс бағытына шығу бойынша 15 жайт анықталды. Сонымен қатар, маневр жасау ережелерін бұзғаны үшін 79 жайт және бағдаршамның тыйым салынған дабылдан өту бойынша 23 дерек анықталған. Көлік құралын басқару кезінде ұялы телефонды пайдаланғаны үшін 196 жүргізуші жазаға тартылды. Сонымен қатар, қауіпсіздік белдігін пайдаланбаған 411 жүргізуші анықталды. Оған қоса, 39 жүргізуші жаяу жүргіншінің жүрісіне басымдық бермегені үшін және 508 жаяу жүргінші жол жүру ережесін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Аталған рейдтік іс-шара барысында патрульдік полиция қызметкерлері автокөлікті заңсыз жабдықтаған 11 жайтты және техбайқаудан өтпеген 111 деректі анықтады. Одан бөлек, Түркістан облыстық Полиция департаментінің жергілікті полиция

қызметкерлері жедел-профилактикалық іс-шара барысында жол көлік оқиғаларының алдын алу және оған жол бермеу мақсатында жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп 700-ден астам ЖҚЕ жазылған ескертпе қағаздарын да таратты.

Раушан НАРБЕК

МЕЖЕ

ДӘРІГЕРЛЕР ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

2020 жылы коронавирус індетінің таралуына байланысты жарияланған төтенше жағдай биологиялық қорғауды қамтамасыз ету жүйелерін жетілдірудің маңызды тін көрсетті.

«Ештен кеш жақсы» дегендей бұл олқылықты түзету үшін енді биыл елімізде «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заң әзірленбек. Оны ҚР Денсаулық сақтау министрі алқа мәжілісінде айтты. Алексей Цойдың айтуынша, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің кадрлық әлеуетін арттыру үшін қайта даярлау

және біліктілікті арттыру жүйесі жетілдірілуде. Қызметті цифрландыру 2025 жылға дейін аяқталатын болады. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің инфрақұрылымын жаңғырту үшін 2022–2024 жылдары комитеттің аумақтық бөлімшелерінің 54 ғимаратына жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ 3 зертхананың жаңа ғимараттарын салу және Ұлттық сараптама орталығының 27 ғимаратын жөндеу жоспарлануда.

Министр пандемия жағдайында медицина қызметкерлері жұмысының нәтижелері әлеуметтік әсерге не екендігі және ол нақты адамдардың өмірі ғана

емес, экономиканың тұрақтылығымен де байланысты екенін айтты. Сондықтан медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шаралары ел басшылығының ерекше бақылауына алынғанын, биылдан бастап дәрігерлердің жалақысын кезек-кезеңмен көтеру және 2023 жылға қарай экономикадағы орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары деңгейге жеткізу міндетін қойғанын жеткізді.

Министрліктің баспасөз қызметінің материалы бойынша әзірлеген Ерлік ЕРЖАНҮЛЫ, «Заң газеті»

ЖОЛҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР НЕГЕ КӨБЕЙІП КЕТТІ?




ОЙ ТАЛҚЫ (Соңы. Басы 1-бетте)

Әбді ҚИЯЛБАЕВ, техника ғылымының докторы, Л.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль жолдары академиясының профессоры:

– Екіншіден, жол салуды кім көрінген ұтып алады да сосын ақшаны қалай болса солай игереді, соған сай жол да қалай болса солай салынады. Жолдың астыңғы қабаты асфальт төсеуге дайындалмайды. Иерсем болды деп қар жауып тұрғанда, жаңбыр аралас лайсаң жерге ыстық асфальтты әкеліп төсей салады. Ол асфальт айға жетпей кертіліп, шұңқыры көбейеді. Сосын, уақыт өтпей тағы жөндеуді қажет етеді. Осылай бір жолды сан қайтара жөндеп отыра берсек, аумағы кеңіп, жыл өткен сайын дамып бара жатқан өзге аудандарға жол қалай салынады? Шыны керек еліміз жол жасауға алдағы уақытта мұншалықты көп ақша бөле алмауы да мүмкін. Сондықтан бөлініп

тұрған қаржыны тиімді пайдалануымыз керек. Жалпы, еліміздегі құрылыс саласы тым ақсап тұр. Тиісті органдар үшін алдыңғы орында құрылыстың сапасы емес, ақшаны игеру, жоғары жаққа қатырып есеп беру мәселесі тұрады. Содан әріне, құрылыстың сапасы сын көтермей жатады. Өйткені, құрылыс компанияларына ақшасы игерілсе болды.

Еліміздің аумағы өте кең. Осы ұланғайыр атырапты бір-бірімен жалғайтын жол сапалы болса, еліміз тез дамиды. Сондықтан жол сапасын жақсартуға көңіл бөліп, бұған дейін орын алған кемшіліктерге, шалағайлыққа тоқтау салатын кез жетті.



Тоқтамыс МЕНДЕБАЕВ, техника ғылымының докторы, профессор:

– Сондықтан жолды қадағалауға қатысты арнайы ереже бекітіліп, жолдың астыңғы қабатына шейін тексеріп, қабылдап алып отыратын білікті комиссия құру керек. Асфальт ұзақ жылдарға шыдап беруі үшін, алдымен оның астыңғы қабаты талпақ сай болуы керек. Бірнеше қабат қажетті түрлі тастар төсеуі керек. Соның бәрін тексеріп, қабылдап алып отыратын арнайы комиссия құрмасақ жол сапасы жақсармайды.

Жалпы, жолдардың сапасыз салынуы негізінен жол сала білмегендіктен емес, қадағалау мен бақылаудың жоқтығынан, бөлінген қаржыдан қайтсем «білдіртпей жеп қалсам екен» деген ашкөздіктен туындап отырған секілді. Құрылыс сапасының кері кетуі тұрғындардың қауіпсіздігімен тікелей байланысты болғандықтан, сапасыз құрылыс үшін жазаны да күшейту керек деп ойлаймын. Мемлекет жол салудан, тұрғын үй салудан ақшаны аяп жатқан жоқ. Қанша дағдарыс болса да халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін ақша осы салаларға үздіксіз бөлінуде. Сол еңбек ақталуы үшін қадағалау күшейтілуі керек.

Сауланманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ДОҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ҚАРЖЫЛЫҚ ДАУЛАР КЕЛІСІММЕН ШЕШІЛСЕ



Маңғыстау облыстық сотында «Отбасылық даулар мен қарыз өндіру дауларын сотқа дейін және соттан тыс реттеу тәртіптері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынға облыстық сот судьялары, медиаторлар, нотариустар, қалалық АХАЖ бөлімінің, екінші деңгейлі банк пен коллекторлық компанияның өкілдері қатысты.

Облыстық соттың алқа төрағасы Нұрсапа Примашев өткен жылдан бері пандемия мен карантиндік шараларға байланысты бірқатар даудың жиілегенін айтты. «Карантин кезінде көп жерде жұмыс тоқтап, азаматтар үйде отырып қалды. Бұл отбасылық кикілжіңді қоздыруға, қаражаттың жетіспеуіне, кредиттер мен қарыздардың артуына әкеліп соқты. Бұрыннан да неке бұзу істері

көп болса, карантиннен соң ажырауға ниеттілер одан да арта түсті. Азаматтардың банк алдындағы берешектері де көбейген», – деп алқа төрағасы көтеріліп отырған тақырыптың маңызын түсіндірді.

Жиында Ақтау қаласының №2 сотының судьясы Анар Толықбаева аталған дауларды сотта қарау барысында кездесетін мәселелер туралы кеңінен айтты. Ал кәмететке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған сот төрағасы Лариса Шамғонова мен медиатор Игорь Машинский «Отбасылық сот» жобасын іске асырудың артықшылығы туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, жиынға қатысушылар қазіргі уақытта татуластыру рәсімдерінің қолданысын кеңейту үшін барлық мүмкіндіктер жасалып жатқанын, тараптар үшін ғана емес, сот пен медиаторлар үшін де, екінші деңгейлі банктер мен коллекторлық компаниялар үшін де қаржылық дауларды келісіммен аяқтаудың тиімді тұстарын талқылады.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

ПІКІР

СУДЬЯҒА ӘДІЛДІК ПЕН ӘДЕПТІЛІК ТӘН

Судьялар тәуелсіздігі мен мәртебесі заңмен белгіленген. Ал сол заңнан аттамас үшін, әрине, ең бірінші адалдық керек. Қазіргі судьялардың көздеген мақсаты да, ұстанған бағыты да әділ билік жолында адалдыққа берік болу. Судьяның сөзі мен ісі адалдықпен ұштасуы керек және халық алдында ол қарапайым болуы тиіс. Қазақ елі Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап еліміздің сот жүйесі өз алдына еркіндік алды. Сот билігіндегі осы жағдайлар судьялардың да, сот жүйесінің де мерейін үстем етті. Соттарға қатысты оң көзқарастың қалыптасуы судьялардың күнделікті жұмысының уақыт өткен сайын ашықтық, жариялылық тұрғысында жүзеге асырылатынын көрсетеді. Қоғамның дамуына байланысты судьяның біліктілігіне, адамгершілігіне, ізгілігіне қойылатын талаптар жоғарылады. Осы қағида әр кезде – судьялық корпус қалыптастырылғанда, сот төрелігін жүзеге асырғанда, тұрмыста да өзекті болып табылады. Судья үнемі ел назарында болған соң, ол күнделікті өмірде, тіпті демалыс уақытында да халық оны әрдайым судья ретінде қабылдайды. Себебі халық арасында сот билігінің беделі билердің кәсібилігі мен оның адамгершілік болмысы арқылы қалыптасады.

Судья сот төрелігін жүзеге асыру барысында қоғамның заң қызметкерлерінің адамгершілік және ізгілік қасиеттеріне қоятын талаптарын ескеруі қажет. Өйткені судья халықтың сот билігіне деген сенімін нығайтып, өзінің жүріс-тұрысымен тәртіптің жоғары стандартына ұмтылуы тиіс. Бұл судьялардың адал қызмет атқаруына күш береді. Судья өз қызметінде Әдеп кодексінің талаптарын орындау керек. Бұл құжат судьяның кәсіби міндеттерін атқарғанда, сонымен қатар, жұмыстан тыс уақытта әдеп принциптерін белгілеп, сапалы, кәсіби, жоғары рухани принциптерге ие судьялар корпусын жасақтаудың негізі болып табылады.

**Аслан МҰҚАНОВ,
Мұғалжар аудандық №2 сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

КОРОНАВИРУС: БІР ЖЫЛДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

Дүние жүзінің Ковид-19 жұқпа дертін пандемия деп мойындап, төтенше жағдай жариялағанына бір жыл болды. Былтыр дәл осы уақытта Қазақстанда алғаш рет коронавирус жұқтырушылар тіркеліп, елімізде карантин енгізілген болатын. Осы бір жыл ішінде не өзгерді? Коронавирустың әсері қандай болды?



Індетке байланысты төтенше жағдайдың енгізілуі халықтың өмір сүру тәртібіне де айтарлықтай әсерін тигізгені рас. Күнделікті емін-еркін жүріп тұруға, жұмысын бетпе-бет отырып реттеуге үйреніп қалған азаматтарға қашықтан қарым-қатынас жасау оңайға түскен жоқ. Дегенмен, басқа салаларға қарағанда сот құрылымы жаңа өзгерістерге тез бейімделді. Себебі, қазақстандық сот жаңа технологияның игіліктерін ерте игергендіктен, онлайн жұмыс жүргізуге дайын болды. Бұл бағыттағы ізденіс 2013 жылдан бастау алады. Осы жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев республика судьяларының VI съезіне қатысып, онда отандық сот жүйесінің алдына аппараттық технологиялардың қолдану аясын кеңейту міндетін қойған еді. Жоғарғы Сот аталған тапсырманы іске асыру мақсатында халықтың соттармен қашықтан жұмыс жасау мүмкіндіктерін арттыру үшін және электронды сот ісін жүргізу құралдарын жақсарту бойынша белсенді жұмыс атқарды. Сот саласын электронды форматқа көшіруде «Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің маңызы зор. Еліміздің Жоғарғы Соты 2014 жылы осы сервисі іске қосу арқылы тұрғындардың сотқа 30-дан аса электронды өтініш жіберуіне, оның ішінде талап арыз, апелляциялық, кассациялық

шағым және өтінішті, сонымен бірге оларды қарау барысын қадағалауға мүмкіндік берген болатын. Сервиске деген сұраныстың артуы – халықтың жедел, қолжетімді, қызметке деген қызығушылығын көрсетті. Ал бүгінде халыққа алпыстан аса онлайн қызмет ұсынатын бұл сервис тұтынушылардың сотқа арнайы келмей-ақ өзіне қажет құжаттарды шығарып, өзін толғандырған сауалдарға жауап алуына жағдай туғызып отыр. Сондай-ақ сот отырыстарын қашықтан өткізуге де аз уақытта төселіп үлгердік. Себебі, мұның да негізі бұрыннан жасалған. Сот мәжіліс залдарын дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен толықтай қамтамасыз ету, шалғай жерлердегі куәгерлердің қашықтан сотқа қатысуына жағдай туғызу, сонымен бірге, түзеу мекемелеріндегі сотталған азаматтар қатысатын сот отырыстарын дыбыс-бейне-конференц байланыс арқылы жүргізу пандемия кезінде сот жұмысын тиімді ұйымдастыруға жол ашты. Осы тұста қазақстандық сот қызметін үш бағыт бойынша күшейте түсті. Оның біріншісі – насихат, түсіндіруге қатысты. Карантин енгізілген кезден бастап барлық сот қызметкерлері онлайн-сот өткізудің мақсатын, тәртібін жұртшылыққа тәптіштеп түсіндіруді қолға алды. Сот ғимаратында топтасып отыру

– халықтың індет жұқтыруына бірден-бір себеп. Сондықтан, түсіндіру кезінде міндетті шаралардың мәніне тоқталдық. Екінші бағыт – онлайн-сот отырыстарын өткізу тәртібіне қатысты. Қарапайым халық қашықтан сот отырысына қатысып көрмеген. Сондықтан ғаламторды пайдалану, сөз жауаптылығын сезінудің маңызы бұрынғыдан арта түсті. Онлайн-сотқа кешігіп қатысу, байланыс құралдарын қуаттап алмау, ғаламтор жақсы ұстайтын жерді алдын ала таңдамау сот отырысының өз деңгейінде өтуіне кедергі. Үшінші бағыт – карантин жағдайында сот пен бұқара арасын жақындататын, ортақ диалогты жандандыратын әдістерді меңгеру. Бүгінде судьялар мен сот мамандары әлеуметтік желіде өз парақшаларын ашып, халықпен етене байланыс орнатқан. Бұл көпшіліктің пікір, ұсынысына, тілегіне дер кезінде жауап беру үшін керек. Сонымен бірге, тұрғындармен жүздесу, семинар-тренингтер өткізу онлайн форматқа ауысты. Осы шаралардың бәрі төтенше жағдай кезінде сот жұмысын ақсатпай, өз деңгейінде жүзеге асыруға көмектесіп отыр.

**Сержан БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

ПАЙЫМ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ істердің сапалы қаралуына әсер етеді

Ел егемендік алған отыз жыл ішінде сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды реформалар іске асырылды. Отандық сот жүйесі озық технологияларды игере отырып, халықаралық тәжірибелерді іріктеп іске асыра келе, бүгінгі заманның барлық талаптарына жауап беруде. Дәл қазіргі сот саласындағы өзекті жаңашылдық – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы деуге болады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз Жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деген болатын. Сөйтіп «Халыққа құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасына сәйкес келетін әкімшілік әділет жүйесі негізінде жаңа заң қабылданды. Оның артында республика аумақтарында биыл екінші жартыжылдықтан бастап «Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша мамандандырылған аудандық соттар» құру туралы өкім шықты. Ол соттарда бүгінге дейін жалпы юрисдикциялық, сондай-ақ экономикалық және азаматтық соттарда қаралып келген мемлекет пен азамат арасындағы әкімшілік даулар қаралады.

Енді азаматтар мемлекеттік органның шешімімен келіспесе, осы сотқа талап арызбен жүгіне алады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс. Сот бұл дәлелдерден бөлек қосымша мәліметтер сұратып, дәлелдемелер жинауға құқылы. Яғни бұрын судья алдындағы іс материалдары мен дәлелдемелерге ғана сүйенсе, енді әділетті шешім шығару үшін белсенді бола түседі. Жаңа әкімшілік сот өз шешімдерінің орындалуын қатаң бақылауда ұстайды. Айталық, жауапкерден сот шешімін орындауға процесстік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алу көзделген, ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Жауапкер сот шешімін орындамаған жағдайда, ол жеке, лауазымды, заңды тұлға болсын немесе оның өкілі болса да, мөлшері 50-ден 100 АЕК-ке дейінгі сомада айыппұл төлеуге мәжбүр болады. Заңның мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыра түсетіні осыдан белгілі. Ендігі жерде соттардың штағын анықтау, конкурс жариялау, әдістемелік көмек көрсете отырып, судьялар мен мамандарды оқыту жұмыстары жоспарлануда.

**Гауһар МЕТЕРКУЛОВА,
Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ



Биыл қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленгеніне 32 жыл толады. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп сезіне де алмайды. Қазақстан егемен ел болғалы Елбасының тікелей бастамасымен қазақ тілін дамытуды қолға алды. Бұл ретте Елбасы «Қазақ елінде қазақ тілі өркендеуі тиіс, біз барша қазақстандықты біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін одан әрі дамыту үшін барлық күш-жүгерімізді жұмсауымыз керек», – деген еді. Тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы қазақ тарихындағы жарқын оқиға десек қателеспейміз. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасымын тапқан, тату еліміз. Алайда, қазақ тілі әр қазақтың ар-ожданы, мақтанышына айналуы тиіс. Осы орайда Бауыржан Момышұлының: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген сөзді әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы дәл қазіргі қалтынан әлдеқайда жоғары деңгейде болар еді.

Жалпы, тілге деген құрмет, жанашырлық адамның отбасынан бастау алуы қажет. Өйткені, отбасынан басталған тәлім-тәрбие адамды одан әрі қарай жетелейді. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандарына буынының тәжірибесінен өтіп, біздің үйлесімді үлесімізбен толығымен түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ». Рухани құндылықтарымыздың қайнар бұлағы – қазақ тілінің қадір-қасиетін өзгеден бұрын, өзіміз жете түсінуіміз қажет. Сондықтан біздер тіліміздің болашақ ұрпаққа жетуіне бар күшімізді салуымыз керек. Тілімізді құрметтеп, оның мәртебесін жоғары ұстау арқылы өз тілімізді сақтап қаламыз.

**Зияш ЗАЙНУЛЛИНА,
Бөкей ордасы аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Министрліктің жаңадан құрылғанын ескере отырып, бірінші кезекте «Азаматтық қорғау туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарлануда. Парламентпен бірлесе отырып, азаматтық қорғау жүйесін цифрландыру мен хабар тарату нормалары, әскери қызметшілердің, төтенше жағдайды ескерту және зардаптарын жоюды іске асыратын қызметкерлердің, құтқарушылардың, сонымен бірге осы салаға бағынышты мемлекеттік мекемелердің басқа да қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктері қайта қаралатын болады.

Қылмыстық-процессуалдық кодекске өртті зерттеуге байланысты тергеу қызметін қайтару ұсынылуда. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жасалды. Бұл маңызды құжат өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамалық нормаларды



Юрий ИЛЬИН, ҚР Төтенше жағдайлар министрі:

«ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІ – АДАМ...»

жетілдіруге, қауіпті нысандарда мемлекеттік бақылау жүргізудің тиімділігін арттыруға, апаттан құтқару қызметін ұсынатын және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мұндай жұмыстар жүргізуге құқық беретін аттестациялаудан өткен ұйымдардың қызметін реттеуге бағытталған. Ол қазіргі таңда Парламент Сенатының қарауында жатыр.

Министрлік құрылған сәттен бері 50-ден астам заңна туындайтын нормативтік құқықтық актіге өзгеріс енгізілді, біздің қызметіміз бойынша Қазақстан Республикасының 5 кодексі мен 20 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі деп күтілуде.

– Құзырлы министрлік болған соң төтенше жағдайға тап болғандардың сіздерден көмек сұрайтыны түсінікті. Ал сан қырлы тұрмыстық жағдайларды шешуге ведомствоның күші мен қаржысы жете ме?

– Қазіргі таңда елімізді төтенше жағдайлардан қорғауға 416 өрт сөндіру бөлімшесі мен 56 жедел құтқару стансасы жұмылдырылған. 115 депо (28%) мен 30 станция (53%) облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда, 68 депо (16%) мен 15 станция (27%) – облыстық маңызы бар қалаларда, 230 депо (56%) мен 11 станция (20%) – республиканың елді мекендерінде орналасқан. ТЖМ бойынша барлығы 234 өрт сөндіру бөлімі, 119 өрт сөндіру бекеті, 59 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі, 4 мамандандырылған отряд бар.

Өрт сөндіру қызметі 3 399 өрттен құтқару техникасымен жарактандырылған. Үкімет қолдауының арқасында республикалық және жергілікті бюджеттің есебінен 2018–2020 жылдар аралығында жол картасы жүзеге асырылған. Соның арқасында соңғы үш жылдың ішінде өрттен құтқару бөлімшелерін жарактандыру деңгейі 40-тан 54%-ға өсті, осы кезеңде барлығы 597 бірлік техника мен 22 мың өрттен құтқару құрал-жабдықтары алынды. Қазіргі таңда азаматтық қорғау бөлімшелерін материалды-техникалық жабдықтау бойынша 2021–2023 жылдарға арналған осыған ұқсас жол картасы жасалып, бекітілді.

Өрт сөндіру барысында қолданылатын күш пен қаржыға келер болсақ, кейінгі жылдары республиканың өрт сөндіру қызметінің қарамағындағы дәстүрлі өрт сөндіргіш автокөліктердің қатарына инновациялық құрамы бар техникалардың жаңа үлгілері де енді. Бұлар – су үнемдеуші технологиямен жабдықталған, компрессиялық көбік, су тұманы мен бутылалардың қоспасымен шашу жүйесімен жинақталған автокөліктер.

Көп қабатты биік үйлердің көптеп салынуы жоғарғы қабаттағы адамдарды құтқару мен өрт сөндірудің заманауи әдісін қолдануды талап етеді. Осы мақсатта республиканың өрт сөндіру қызметінің қарамағына биіктігі 30-90 метр болатын заманауи автосатылар мен көтергіштер, соның ішінде су толтырылған цистернасы бар біріктірілген автосатылар берілген. Мұндай автокөліктер бір мезетте бірнеше автокөлікті алмастыра алады.

Көлік қаптаған қала көшелерінде жедел әрекет ету мақсатында Алматы қаласының гарнизонына «ЯВА-660» өрт сөндіруші мотоциклдері берілген. Өрт сөндіруші мотоциклдер арқаға іліп алатын қолмен басқарылатын өрт сөндіру жүйесімен, лақтыратын өрт сөндіргіштермен, құрылымдарды қолмен кесіп, ашатын біріктірілген апаттан құтқару құралдарымен, дәрігерге дейін көмек көрсетуге қажетті медициналық бұйымдар жиынтығымен жабдықталған. Суы аз аудандардағы ірі көлемдегі төтенше жағдайларды жөю және әртүрлі нысандарды қорғау үшін өрт сөндіру қызметінің қарамағына сыйымдылығы 30 тоннаға дейін су және бір тонна көбікті бақадоны құрайтын цистерналардан тұратын жылжымалы су қоймасы болып табылатын өрт сөндіру автопайызының 2 данасы берілді.

– Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінде кадр мәселесі қалай шешілуде?

– Қазіргі таңда елімізде 18 мың өрт сөндіруші мен құтқарушы бар. Республика бойынша 200-ден астам өрт сөндіру бөлімшесінде қызметкерлер саны аз. Кадрмен толықтыру үшін шамамен 4 мыңдай адам керек. Сонымен қатар таяу жылдары 11 өрт сөндіру депосын іске қосу жоспарлануда. Соған байланысты азаматтық қорғау органдарындағы штаттық қызметкерлер санын кезең-кезеңмен көбейту туралы ұсынысымыз қолдау тапты.

Бүгінде біз әр елді мекенде өрт сөндіру депосын аша алмаймыз, өйткені бұл қыруар қаржыны қажет етеді. Сондықтан шалғайдағы және халық саны аз елді мекендерде (5000 тұрғыннан аз) өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін өрт сөндіру бекеттері жүзеге асырады. Бүгінгі таңда республикада 1200-ден астам елді мекенде өртке қарсы қауіпсіздікті 409 бекет қамтамасыз етеді.

Дамудағы оң өзгерістерді ескере отырып, облыс әкімдіктері 221 бекеттің ашылуын қарастыратын 2021–2023 жылдарға арналған жоспарлар жасап, бекітті. Сондай-ақ еліміздің елді мекендерінде құрамында 42 мың волонтер мен 8 мың бірлік техникасы бар 4 106 ерікті өрт сөндіру құрылымдары жасақталды. Бұлар өрттің алдын алу және сөндіру шараларын жүргізу үшін құрылған қоғамдық бірлестіктер.

Жаңадан құрылған министрлікке мынадай міндеттер мен өкілеттіліктер берілді:

– төтенше жағдайларды ескерту және жоюдың мемлекеттік жүйесін дамыту, төтенше жағдайларды ескерту және жою, Азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, қызметін және әрі қарай қамтамасыз ету;

– өндірістік қауіпсіздік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру;

– мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту.

Осыған байланысты аталған мемлекеттік органдардағы тиісті штаттық қызметкерлер саны ТЖМ-не берілді (ІІМ шамамен 24 мың (23 932) бірлік,

ИИДМ 449 бірлік, ҰЭМ-де 31 бірлік, «Резерв» РМК есептемегенде).

Біздің қызметкерлер жыл сайын өңірлік оқу орталықтарында, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында, Азаматтық қорғаныстың республикалық оқу-әдістемелік орталығында, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында, Тұңғыш Президент атындағы Ұлттық қорғаныс университетінде кәсіби біліктілігін арттырады.

Қазіргі таңда білім және ғылым, ұлттық экономика және қаржы министрліктерімен бірлесе отырып, Азаматтарды табиғат құбылыстары мен техногендік апаттардан қорғайтын кадрлардың кәсіби біліктілігін арттырудың 2020–2024 жылдарға арналған шаралар жоспары бекітілді. Оны жүзеге асыру үшін 4,3 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді. Болашақта кәсіби біліктілікті арттыру саласында Беларусь Республикасының ТЖМ-мен халықаралық әріптестікті қалпына келтірмекпіз. Бұған қоса өрт сөндіру-құтқару спорты дамытуды жалғастырамыз.

– Полициялардың немесе «ұландықтардың» қызмет барысындағы батыл әрекеттері туралы БАҚ-та жиі жазып жатады, ал өз парызын ерлікпен атқарған өрт сөндірушілер немесе басқа да құтқару қызметі өкілдері туралы ақпараттар неге аз? Бұған не кедергі? Кәсіби байсалдылық па әлде алдын алу жұмыстарындағы мәселелер ашылып қалады деп қорқа ма?

– Құтқарушы – ең алдымен өз өмірін қатерге тіге отырып, басқаларды құтқару үшін көмекке келетін адам. Төтенше жағдайдың басты себепкері – адам, оның жауапсыздығы мен бейқамдығы. Ал ТЖМ құтқарушысы – тәуліктің кез келген уақытында және кез келген жағдайда көмекке келетін маман. Көмек шұғыл әрі кәсіби тұрғыдан жоғары болады.

Адамдарды құтқару кезінде біздің қызметкерлердің болған жайдан есінен танып, не істеп, не қойғанын білмей, қауіпсіз жерге көшіруге кедергі келтіріп, кейде тіпті құтқарушылардың да өміріне қауіп төндіріп жүретін жандармен жиі кездесетін сәттері болады. Құтқарылған соң, олармен апатты медицина орталығының психологтары жұмыс істеп, шұғыл көмек көрсетеді.

2020 жылы Президент Жарлығымен ТЖМ-нің 22 қызметкері, соңғы 5 жылда 117 қызметкер мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың төртеуіне марапат өмірден өткен соң берілді.

– Жыл сайын сіздің ведомствоның өкілдері су тасқыны қауіптерінен сақтану туралы айтып, ескерту жасап жатады. Жер-жерде штабтар құрылады, оқу-жаттығулар жүргізіледі. Соған қарамастан, төтенше жағдайлардың алдын алуға кім немесе не кедергі? Табиғаттың дүлей күші ме әлде жергілікті қызметтің салғырттығы ма немесе өңірлердегі қызметкерлердің кәсіби біліктілігі төмен бе?

– Су тасқынына қарсы күресте

бірқатар өзекті мәселе бар. Олардың ішіндегі ең бастысы – тұрғын үйлер мен нысандардың су қорғау белдеулері мен аймақтарында орналасуы, жөндеу немесе қайта құруды талап ететін ГТС-тің жұмыс істеп тұруы (мерзімі өткен және қауіптілігі жоғары нысан болып табылады), қорғаныстық дамбалардың жеткіліксіздігі, өзен салаларын қайта құру, көпірлерге ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, автокөлік жолдарында және теміржол магистральдарында су өткізгіш құрылғыларды орнату. Бұған еріген қар суы мен жаңбыр суын ағызып жіберетін жол жиегіндегі арықтардың болмауы немесе өткізу қабілетінің төмендігін де қосып қойыңыз.

Сонымен қатар жергілікті атқару органдары алдын алу шараларын уақытымен орындап тұру қажеттігін де ұмытпағаны абзал. Мысалы, өзеннің сағаларын, арналарды, арықтарды, су өткізгіш ғимараттар мен көпірлерді, теміржол және автокөлік жолдарын тазарту, аулалар мен ауылдардағы қарды тазалап, шығарып отыру қажет. Бұдан

сын, 2025 жылға дейінгі ұлттық қауіпсіздік стратегиясын, министрліктің стратегиясын жасап жатыр. Бұл маңызды құжаттар қызметтің негізгі бағыттары бойынша басымдықтарды қамтиды.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында соңғы жылдары табиғи және техногендік апаттар санының өсіп кетуіне байланысты министрлікті қайтадан құруға тапсырма берді.

Әрине, біз сөзсіз төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жолындағы жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз.

Бірінші кезекте біз қызмет көрсету сапасын арттыруға тырысамыз. Азаматтардың өтінішіне тез әрі жедел әрекет ететін боламыз.

Екіншіден, біз азаматтық қорғауды мемлекеттік жүйесін қайта қарауды, яғни басқару органдарының бірқатар міндеттерін, халықты, нысандарды және еліміздің аумағын ТЖ кезінде туындайтын қауіп-қатерден қорғау мақсатындағы жалпы мемлекеттік шаралар кешенін жүзеге асыруға арналған аза-

басқа жер қабатының қатуы, күзде сіңіп қалған мол су, қардың көп түсуі, күннің бірден көтерілуі сияқты табиғат құбылыстары да жағдайды қиындағанды түсуі ықтимал. Бұл елді мекендердің суға кету қатерін арттыра түсетін, дер кезінде және қажетті қаржыландырусыз шешілмейтін өзекті мәселелердің бір парасы ғана.

Су тасқыны кезінде төтенше жағдайлардың болуы қауіп төмендету мақсатында тасқынға қарсы шаралардың Жол картасы және өңірлік бағдарламалардағы шаралар жоспары түрде уақытымен жүзеге асырылуы қажет. Оларда өзеннің сағаларын қалпына келтіру мен тазартуға, ГТС және қорғаныстық дамбаларды салуға және жөндеуге, нөсер суы ағатын арық жүйесін дамытуға, көлік магистральдары мен көпірлерді жөндеуге бағытталған шаралар қолға алынуы тиіс.

Мысалы, Жол картасы шараларын орындау 2017–2020 жылдары 315 (34,8%) ауылды суға кетуден сақтап қалса, су басу қаупі бар 905 елді мекеннің 314-нде (34,7%) қауіп-қатерді барынша азайтуға мүмкіндік берді.

– Сіздің ойыңызша, заманауи құтқару қызметінің мүлтіксіз жұмысы қандай болуы тиіс және ол үшін не істеу қажет? Министрлік бөлімшелерінің даму бағытын айқындаған кезде қай елдің тәжірибесіне сүйенесіз?

– Азаматтық қорғауды дамытудың 2030 жылға дейінгі басым бағыттары:

– азаматтық қорғау жүйесінің дайындығын арттыру, оны еліміздің жана геосаяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкестендіру;

– ТЖ тиімді басқару механизмдерін жасап шығару, мемлекеттік басқару деңгейінің арасындағы жауапкершілік пен құзыреттілікті тең бөлу;

– азаматтық қорғау жүйесін аумақтық-салалық принципі бойынша ұйымдастыру;

– азаматтар мен қоғамның төтенше жағдайдың тигізетін шығыны мен қауіпін барынша азайту;

– азаматтық қорғаудың күші мен қаржысының ТЖ жедел әрекет етуге, әскери және бейбіт заманда апаттан құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге тұрақты дайындығы;

– апаттан құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– азаматтық қорғаудың күшін жасақтау, оларды дайындау және қолдауды ұдайы дайындықта ұстау;

– азаматтық қорғау саласындағы шараларға халықтың неғұрлым көп қатысуының шарттарын қамтамасыз ету.

– болжалдаған немесе болған ТЖ туралы, олардың алдын алу және қабылданғаны туралы хабарландыру мен ашықтықты қамтамасыз ету.

– Министрліктің алдағы жоспары қандай?

– Қазіргі таңда министрліктің қарап тексерілген басым бағыттары мен міндеттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің барлық үш деңгейінің құжаттарымен кірігіп жатыр. Министрлік Азаматтық қорғауды дамытудың тұжырымдама-

маттық қорғаудың күші мен қаржысын қайта қарауды жоспарлап отырмыз.

Жобада, сондай-ақ республиканың автокөлік жолдарының апаттық қауіп жоғары бөліктерінде шұғыл медициналық көмек көрсету үшін құрылған жол бойындағы медициналық-құтқару бекеттерін дамыту қарастырылған.

Жамбыл облысындағы республикалық маңызы бар «Бағыс Еуропа-Бағыс Қытай» тас жолының 237-238 км, Ақтөбе облысындағы республикалық маңызы бар «Самара – Шымкент» тас жолының 613-ші шақырымында қосымша екі медициналық-құтқару бекетін ашу қарастырылуда.

Бүгінде Ресей, Беларусь мемлекеттерінің төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою саласындағы тәжірибелерін зерттеудеміз.

Апаттар тәуекелін азайту мақсатындағы Сендай жиектік бағдарламасы аясында Қазақстанда тәуекелдерді басқару бойынша жұмысымызды жалғастыра түсуді жоспарлаудамыз. Сонымен қатар, бір мезетте Азаматтық қорғау органдарын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын да жасап жатырмыз. Бұл құжатта дамудың бағыттары мен жай-жапсары анықталады.

Хабарлау жүйесіне де айрықша көңіл бөлуіміз. Бүгінде кейбір өңірлердегі хабарлау жүйесінің әбден тозығы жеткен, заманауи технологияларға сай келмейді. Осыған орай өңірлерді дамыту аясында хабарлау жүйесін жаңарту және жетілдіру бағытында белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Мысалы, Алматы қаласында және Алматы облысында хабарлау жүйесі 100% жаңартылды.

2019–2024 жылдар аралығында Түркістан облысындағы хабарлау жүйесін жетілдіру жұмысы біртіндеп, кезең-кезеңімен жүргізілуде. Атап айтсақ, екі жылдың ішінде 268 электрлі дабыл орнатылды. Болашақта жергілікті бюджеттің есебінен Шымкент қаласына, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарына осындай электрлі дабылдың көп мөлшерде сатып алып, орналастыру жоспарлануда.

Жаңадан құрылған Өндірістік қауіпсіздік комитеті қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс жүргізудің қыр-сыры мен ерекшеліктерін бұге-шілгесіне дейін көрсетіп берген салалық ережелерді бекіту құзыретіне ие. Бұл, сөзсіз, өндірістік қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай көтеретін болады. Бұл мәселе жөніндегі заң жобасы бүгінде Парламенттің Мәжілісінің қарауына жіберілген.

Құтқарушы бөлімшелердің материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі аса жоғары деңгейде емес (47%). Аталған мәселе республикалық және жергілікті бюджет есебінен кезең-кезеңімен заманауи құтқару техникасын сатып алу арқылы өз шешімін табуда. Сондай-ақ тікұшақ қызметін көрсетуші жалғыз оператор «Қазавиа-спас» АҚ үшін де уәкелерін біртіндеп сатып алып жатырмыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Н.ЖОРОВ,
А.АХМЕТОВА

КЕЛБЕТ

ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Кез келген елдің әлеуметтік жағдайы экономикасының дұрыс жүйеленуінен, отандық экономиканың сатылмай қарқынды дамуына өз үлесін қосқан жандар аз емес.

Солардың ішіндегі бірі де бірегейі – Қазақстанның қаржы саласының, салық қызметінің іргесін қаласып, өңдесін тіктейтін бойындағы бар күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін аямаған ірі ғалым, есеп және аудит саласының мәселелерін жан-жақты терең зерттеп, экономика ғылымына мол үлес қосқан ғылым докторы, профессор, Еуразия халықаралық экономикалық академиясының академигі, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, салық қызметінің екінші дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі, ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы академиясының профессоры, көптеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз А. Нұрымов сексен жастың сенгіріне көтеріліп отыр. Өмірдің кезекті бөлісіне қадам басқан, ғылымда өшпес ізі, мемлекеттік қызметте өлшеусіз өнегесі бар Алданыш Арыстанғалиұлының абыроймен өткен еңбек жолы ел тарихымен қашанда тығыз байланысты.

Еңбек жолын 1965 жылы Қазақ темір жолының Жамбыл бөлімшесінде нормалаушы болып бастаған жас жігіт өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқара жүріп, инженер-экономистен ғылыми жұмысты ұйымдастыру зертханасының басшысы лауазымына дейінгі барлық сатыдан өтті. 1972 жылы кандидаттық ағағын қорғаған жас ғалым бір жылдан соң Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының (қазіргі М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті) «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау» кафедрасына меңгеруші болып тағайындалады. Сонымен қатар институт жанындағы есеп-экономика факультетін құруға атсалысып, алғашқы деканы да өзі болды. Сөйтіп, жоғары білімді экономистерді даярлауды қолға алды. Алданыш Арыстанғалиұлы басшы болған он жылдың ішінде екі мыңдай есепші мамандарын оқытып шығарды. Олардың көпшілігі бүгінде ірі кәсіпорындарда, әкімдіктер мен министрліктерде, аудиторлық қызмет саласында жемісті еңбек етуде.

Тумысы бөлек, тұғыры биік, ғибратты ғұмыр иесіне тән қасиет – үнемі ізденіс үстінде жүретіні. Оның негізінде бала күнінен қалыптасып дағдыға айналған жаңаға құштарлық, ізденімпаздық, еңбекқорлық жатса керек. Алданыш ұстаздың іздегені мен тапқаны, өзіне ғана емес, сонымен бірге ғалымның бүгінгі шәкірттеріне, студент жастарға таптырмайтын қазына.

Профессор А.Нұрымовтың жетек-



шілігімен бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау, қаржы және салық, банк ісі бойынша 26 оқулық пен оқу құралдары жазылды. Бүгінде олардың барлығы елдегі жоғары оқу орындарында, экономикалық білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар ол – 290 ғылыми еңбектің, 18 монография мен кітаптың авторы. Шәкірттерінің жанына нұр құйып, биіктен көрсем деген үміті ақталуда. Бүгінде Алданыш Арыстанғалиұлы іргетасын қалаған ғылыми мектептен профессордың жетекшілігімен 1 экономика ғылымдарының докторы, 10 ғылым кандидаты, 2 Phd доктор, 80 экономика ғылымдарының магистрі қанат қақты.

Өз ісіне берілген, бар жақсыны жатсынбай қабылдайтын Алданыш Арыстанғалиұлы әр жылдары Ұлыбритания, Түркия, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея елдерінде білімін жетілдіріп, тәжірибе жинақтады. Ал Мәскеу, Сеул, Будапешт, Ташкент, Бішкек, Орынбор секілді қалаларда өткен түрлі конференцияларда жасаған экономикалық реформалар, нарықтық экономика тақырыбындағы баяндамалары ғылыми қауымдастық тарапынан өте жоғары бағаланды.

Бітім-болмысы бөлек, мейірімді жүзі, талапшыл, шыншыл мінезі, адами қасиеттері көп шәкірттерінің жүрегінде қалды. А.А. Нұрымовтың шәкірттері – Еуразия халықаралық экономикалық академиясының академигі, «Үздік ЖОО оқытушысы – 2015», экономика ғылымдарының докторы, Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің профессоры Мурат Әлиев пен М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің қаржы кафедрасының аға оқытушысы Римма Мамешевалар.

Жалпы, А. Нұрымовтың өмір жолын екі үлкен кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірі – ғылымдағы ғибратты жолы да, екіншісі – мемлекеттік, қоғамдық қызметтегі мәртебелі биігі. Алданыш

Арыстанғалиұлының мемлекеттік қызметтегі жолы да жемісті өрілді.

1980 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты партия комитетінің хатшысы қызметіне кірісті. Кейін Қазақстан компартиясы Жамбыл облыстық комитетінің өнеркәсіп-көлік бөлімінің меңгерушісі болып ауысты. Ал 1987 жылы Жамбыл облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Арада екі жыл өткенде Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің аппаратына қызметке қабылданды. Әлеуметтік-экономикалық бөлім меңгерушісінің орынбасары ретінде жаңа қырынан танылды. 1990 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі іс басқарушысының орынбасары – Өңірлік даму және табиғатты қорғау бөлімінің меңгерушісі болды. 1991 жылдан Президент Аппаратының Өңірлік даму референтурасына жетекшілік етті.

1991–1996 жылдары Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік салық инспекциясы бастығының орынбасары, Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы бастығының орынбасары, Жамбыл облысы бойынша салық инспекциясының бастығы болып қызмет атқарды. Бұл кезең егемен еліміздің өміріндегі аса маңызды оқиғамен – республиканың нарықтық экономикаға көшуімен тұспа-тұс келді. Соған байланысты елде салық туралы көптеген заң мен Салық кодексі әзірленді. Оның бел ортасында А.Нұрымов жүрді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары нарықтық экономиканың қалыптасуына, салық заңдарының бұқараға тиімді қабылданыуы жолындағы бірқатар айтулы еңбектері мемлекет құбыласын тұрғызда айырықша бағалы болды. Ол жиырма жыл бойы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі болды. Бүгінде «Қазақстан салық қызметі органдарының ардагерлері» бірлестігінің президенті ретінде қоғамдық жұмыстың ортасынан табылып жүр.


Алданыш Нұрымов Қазақстанның мемлекеттік басқару органдарындағы ұзақ жылғы еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін әр жылдары «Құрмет» орденімен, «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «ҚР Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан темір жолына 100 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ІІ және ІІІ дәрежелі «Қаржы сақшысы» медальдарымен, «Құрметті теміржолшы», «ҚР Құрметті ағарту қызметкері», «ҚР Ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін», «Қаржы бақылау саласының Құрметті қызметкері», «Қаржы қызметінің үздігі», «Үздік ЖОО оқытушысы – 2012», «Алтын барыс» төсбелгілерімен марапатталды, Жамбыл облысы мен Қызылорда облысы Арал ауданының Құрметті азаматы атанды.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ЕСЕП

Жоғарғы Сот бастамасымен соттардың жүктемесін жеңілдету бойынша заңдарға көптеген түзетулер енгізіліп, соттарға оңтайлы жағдай жасау жұмыстары жүргізілуде.

Хромтау аудандық сотының өндірісіне 2020 жылы 56 адамға қатысты 53 қылмыстық іс түсті. Аяқталған істердің 74,6 пайызы бойынша үкім шығарылса, татуласу рәсімдерімен қысқарған 8 адамға қатысты 7 қылмыстық іс жалпы аяқталған онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер санының 70 пайызын құрайды.



А.БАЛМУХАНОВ,
Хромтау аудандық сотының төрағасы

ТАТУЛАСУ – ТИІМДІ ТӘСІЛ

Азаматтық істер бойынша 2020 жылы 691 азаматтық іс немесе өндірісте болған істердің 91,6 пайызы қаралса, татуласу рәсімімен 82 азаматтық іс қысқартылды немесе жалпы өндірістегі істердің 66,6 пайызы: оның ішінде бейбіт келісім бойынша 3, медиация заңын қолдану арқылы 76 және партиципативтік келісім бойынша 3 іс қысқарды.

2020 жылы сот өндірісіне барлығы 1019 әкімшілік іс түсіп, оның 999 аяқталса, 114 адамға қатысты әкімшілік істер медиация заңын қолдану арқылы жәбірленушімен татуласуларына байланысты қысқартылды.

Жоғарғы Соттың бастамасы негізінде Хромтау аудандық сотында дауларды соттан тыс реттеу тәсілдерін жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда: қаңтар айында Хромтау аудандық сотының судьясы С.Жұмашкинамен аудандық прокуратура, полиция және қорғаныс бөлімі өкілдері және сот мамандарының қатысуымен «Дауды шешудің баламалы тәсілдері» тақырыбында жиын өтсе, жеке бастамамен аудандық прокуратура, полиция бөлімі, аудан әкімдігі өкілдерінің, селолық округ басшыларының, адвокаттар мен медиатордың қатысуымен «Билер кеңесі негізінде татуласу тәсілдерін қолдану тәжірибесін талқылау» тақырыбында басқосу өткізілді.

Маусым айында Хромтау аудандық прокуратурасының прокуроры С.Бекенова, Хромтау ауданы әкімінің орынбасары Д.Тлеуов, Халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы К.Битанов, адвокаттар К.Камбарова, Ж.Калиева, кәсіби медиатор Т.Уразбаев және сот мамандарының қатысуымен «Дауларды соттан тыс реттеу тәртібi» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты медиация институтының әлеуметтік және құқықтық жанжалдардың алдын алу, шешу, сондай-ақ дауларды сотқа дейінгі реттеу механизмі ретінде дамыту, оны халық арасында даулар мен жанжалдарды шешудің соттар мен құқық қорғау органдарының қатысуынсыз жүргізілетін келешегі зор және баламалы әдіс ретінде насихаттау екені айтылды. Іс-шара барысында сот төрағасы қылмыстық сот ісін жүргізудегі, ал судья С.Жұмашкина азаматтық сот ісін жүргізудегі медиация рәсімінің құқықтық нормаларын түсіндірді. Дөңгелек үстел барысында медиатор Т.Уразбаев дау-дамайларды шешу мен реттеу жолдары бойынша келіспеушіліктерді реттеудегі медиаторлардың тәсілдерін жан-жақты атап өтті. Қатысушылар сот істерінде медиацияны кеңінен қолдану мәселелері, оның қолдану аясын кеңейту мен үгіт-насихат жұмыстарын жандандыру мәселелеріне баса назар аударды. Қатысушылар медиация арқылы бітімгершілікке келу мақсатында кәсіби медиаторлардың өзара іс-қимылы, сонымен қатар дау мен жанжалды соттан тыс реттеуге мүдделілігін анықтау туралы мәселелерге тоқталып, өзара пікір алмасты.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазақстанда жыл сайын бірнеше мың нормативтік құқықтық акті қабылданады. Алайда, қабылданатын НҚА сапасын арттыру үшін бақылау жүйесі, оның ішінде қоғамдық бақылау қажет. Осындай бақылау әдістерінің бірі осы актілердің мазмұнын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми талдау. Мұндай талдау барлық демократиялық елдерде бар. Және мұндай талдауды беделді ғалымдар, практиктер, білікті сарапшылар, заңгерлер және азаматтық қоғамдастық өкілдері жүргізуі керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы ұйымдастыру, сондай-ақ оны жүргізу кезеңдері қоғамдық бақылаудың қадағалауымен өтеді.

2020 жылы конкурс қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үйлестіруші болып белгіленді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізудің ерекше маңыздылығын ескере отырып, оны ұйымдастыру мен өткзуді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев өз назарына алды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үйлестіруші ретінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыс жүргізді. Сарапшылардың конкурстық іріктеуі жүзеге асырылды. Конкурстық комиссия мүшелері қоғам өкілдерінен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің лауазымды тұлғаларынан, ЖОО өкілдерінен тұрады. Қазақ ұлттық университетінің үйлестірушісі болып заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Д.Байдельдинов тағайындалды. Осы комиссияның құрамына осы мақаланың авторы да кіреді.

Өкінішке орай, сарапшыларға кандидаттар арасында кездейсоқ адамдар

көп болды. Комиссия шешімімен кандидаттардың шамамен 60 пайызы немесе 300 адамның 175-і тізімнен шығарылды.

Менің ойымша, бұл да жеткіліксіз. Сарапшылар құрамына мемлекеттік қызметкерлер де қосылды. Мемлекеттік қызметші немесе шенеунік министрлік әзірлейтін нормативтік-құқықтық актіге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама бере алмайды. Мемлекеттік қызметкер өз министрлігінің мүдделерін ілгерілетеді немесе ең болмағанда, басқа министрдің мүдделерін қолдауға мәжбүр болады деген қауіп бар. Себебі, министрліктер арасында бейресми байланыстар бар, олар сыбайлас жемқорлық нормаларын қолдауға бағытталуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сарапшылар қоғамдық ұйымдардың өкілдері немесе ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен мұғалімдер болуы керек. Өйткені, егер сараптама ғылыми болса, онда оған көптеген ғылыми қызметкерлер қатысуы керек. Алайда, бұл да шешім емес. Себебі, университет оқытушылары Білім министрлігіне бағынады. Бұл тезисті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдері ескеруі керек, сондай-ақ, жоба үйлестірушісі, профессор Д.Байдельдинов жан-жақты ағымдағы бақылау үшін сарапшылар жұмысының сапасы туралы қоғамдық комиссияға хабарлауы қажет.

А. БЕЛЯНОВ,
Алматы қаласы Әділет департаменті жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы

КӨЗҚАРАС



МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ САПАСЫ АРТАДЫ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бері жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік басқару органдары арасында туындайтын қатынастарды реттейтін жеке түрде қабылданған алғашқы нормативтік құқықтық акт. Кодекстің жалпы Қазақстан халқы үшін маңызы орасан.

Қазіргі кезге дейін мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) сотта дау айту тәртібі Азаматтық процесстік кодекстің 29-тарауында көзделген нормалармен реттеліп келді. Бұл тарау бар-жоғы 6-баптан тұрады.

Әкімшілік әділет саласында туындайтын қатынастарды реттеу үшін кодекстің қабылдануы және барлық аймақтарда арнайы мамандандырылған әкімшілік соттардың құрылуы мемлекеттік атқару органдарының халық алдында өз сөзін алдында жауапкершіліктерін, мемлекеттік басқарудың сапасын арттыратыны сөзсіз.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік орган жайлы түсінікті кодексте нақтылап бекітті. Кодекстің 4-бабы-

ның 7-тармағы бойынша әкімшілік органға заңдарға сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге ұйым жатады.

Бұл нормада әкімшілік органға өзге ұйымның да жатқызылған себебі қазіргі кезде азаматтардың құқықтарына қатысты шешімдер барлық кезде мемлекеттік орган тарапынан қабылдана бермейді. Мысалы, мемлекеттік емес ұйым – «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешім шығарған кезде ол шешім әкімшілік сотта даулануы мүмкін.

Жасыратыны жоқ, бұл кезге дейін атқару органдары азаматтардың арыздары бойынша барлық жағдайда өз мерзімінде тиісті шешім қабылдап, арызданушыға жауап бермегені сөз практикасында жиі кездескен.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ САПАСЫ АРТАДЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі елімізде алғашқы рет әкімшілік органның жеке немесе заңды тұлғаның жолданымы (өтініші) бойынша әкімшілік рәсімді қозғауды, өтінішті қабылдауды, тіркеуді және ол бойынша бақылау жүргізуді міндетті ереже ретінде бекітті.

Кодекс қолданысқа енгізілгеннен бастап әр азаматтың әкімшілік органға жүгінген арызы немесе өтініші міндетті түрде тіркеліп, өз мерзімінде заң актілеріне сәйкес шешім қабылданатын болады.

- 1) дау айту туралы талап қою;
- 2) мәжбүрлеу туралы талап қою;
- 3) әрекет жасау туралы талап қою;
- 4) тану туралы талап қою.

Жалпы кодекстің нормалары әкімшілік органның және оның лауазымды адамдарының өзіне жүктелген міндеттерін тиісті дәрежеде орындауға және азаматтардың заңмен көзделген құқықтарын іске асыруға және бұзбауға міндеттейтін сеніммен айтуға болады.

Ерлан СЕРАЛИЕВ,
Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

САРАП

ЖАҢА ҚҰЖАТ ЖАРИЯЛЫҚҚА ЖОЛ АШАДЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелетін салалар қоғам үшін аса маңызды. Мысалы, мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелері, мемлекеттік қызмет көрсету, рұқсат беру және хабарлама жасау тәртібі, т.б. болуы мүмкін. Осы келтірілген қызмет түрлері әкімшілік рәсімдік деп аталады, себебі тікелей азаматтардың міндеті мен құқықтарын іске асырумен байланысты.

Бүгінгі таңда билік органдарына қатысты даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде қаралуда. ӘРПК-не сот ісін жүргізудің жаңа түрі енгізілді, ол – әкімшілік. Соның арқасында дәлелдемелер жинауда сот белсенділігі артады. Белсенді рөл принципін басшылыққа ала отырып, енді сот даудың мән-жайын анықтауға, іс бойынша алдын ала пікір білдіруге, қажетті дәлелдемелерді жинауға, талап қоюдан салдарын түсіндіруге міндетті. Сондай-ақ, сот актілерінің орындалуына сот бақылау институты енгізіледі.

Айта кету керек, посткеңестік кеңестіктегі барлық елдерде жария-құқықтық даулар азаматтық процестік кодексі аясында қаралған. Енді олар әкімшілік әділет бойынша реттелуде. Тәжірибе оң нәтиже көрсетіп отыр. Алғашында мұндай шағымның шамамен 90 пайызы қанағаттандырылды. Кейінгі жылдары мұндай талаптарды қанағаттандыру пайызы төмендеді. Бұл алғашқы жылдары соттар заңсыз шешімдердің күшін жойғанын, кейінгі жылдары әкімшілік органдар заңсыз шешімдердің кез келген жағдайда жойылатынын көрді. Сондықтан олар өз шешімдерін заңға сәйкес қабылдады, яғни әкімшілік әділет мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығына, сыбайлас жемқорлықты жоюға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ӘРПК ережелері бірнеше рет түрлі алаңдарда талқылау тақырыбына айналды. Оның үстіне, құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы оның жобасын қарап, оң қорытынды берді. Әкімшілік процестің ережелері бойынша жария-құқықтық дауларды шешетін оқшауланған сот ісін жүргізу енгізілуде. Кодекс тұлғаның оған қатысты әкімшілік акт қабылданғанға дейін тыңдау құқығын реттейді. Оқшауланған сот ісін жүргізуде жария-құқықтық сипаттағы дауларды шешудің жаңа тетіктері енгізілуде. ӘРПК әкімшілік органмен дау кезінде сот процесінде жеке тұлғаның құқықтық мүмкіндіктерін теңестіруге жол ашатын құқықтық құралдарды қарастырады. Ал дәлелдеу ауырталығы даулы әкімшілік актіні қабылдаған әкімшілік органды жүктеледі.

Әкімшілік орган деп тек мемлекеттік орган ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік басқару функциялары берілген өзге де субъектілер түсініледі. Әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот құрылмасы, оның соттылығына жатқызылған әкімшілік істерді аудандық (қалалық) сот осы кодексте белгіленген тәртіппен қарайды.

**А.НАЗАРҚҰЛОВ,
Байзақ аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ**

БАСТАМА

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАШЫҚТАН ҚАТЫСУ ҚИЫН ЕМЕС

Егемендік алған отыз жылдан бері сот жүйесінде кезең-кезеңімен ауқымды реформалар іске асырылуда. Бүгінде әділ сот төрелігін орнықтыру, қолданыстағы заңнамаларды оңтайландыру бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін беруде. Азаматтардың сотқа сенімін қалыптастырып, сот билігінің беделін арттыру – реформаның басты мақсаты. Сол үшін соттарға жаңа технологияларды енгізіп, заңдарды үнемі жетілдіріп, сот рәсімдерін қазіргі заман талабына сай жүргізу міндеттелген.

2018 жылдан бастау алған Жоғарғы Соттың «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы соттардың жұмыс стилін түбегейлі өзгертті. Атап айтсақ, кәсіби сот корпусын қалыптастыру мақсатында кәсіби бағалаудың жаңа стандарты енгізілді, келушілерге жаңа технология көмегімен қызмет көрсетіле бастады. Бірыңғай сот практикасы қолданылуда, судьялар жұмысы оңтайландырылды, артық сот процедуралары жойылды. Сот актілерінің жаңа форматы енгізіліп, тараптар сауалына жауаптар қарапайым әрі түсінікті етіп берілуде. Сот отырыстарына тараптардың дыбыс-бейнеконференц байланыс арқылы қашықтан қосылуы үйреніштікке айналды. Бұрын азаматтар сотқа қатысу үшін артынып-тартынып, шалғай жақтардан орталыққа келіп жататын. Немесе сол үшін жоспарлы жұмыстарын кейінге шегеріп, басқа қалаға, басқа елге шыға алмайтын. Тіпті үш-төрт жыл бұрын сот оты-



рысына қашықтан қатысуды алғаш рет іске асырғанда азаматтар аудандық әкімдік не сот ғимаратына келіп, арнайы ВКС құрылғысымен процеске қатысты. Ал, қазір соттардың IT қызмет процесі одан әрі жетілдіріліп, жаңғыртылған. Соның нәтижесінде қолында смартфон бар әр адам үйден де, көшеден де, тіпті шет елден де процеске онлайн қатыса алады. Ешқандай барудың қажеті жоқ. Міне, технология дамуының белгісі.

2020 жылы сот карантин режимінде қолжетімді түрде қызмет атқарды. Бірде-бір іс кейінге қалдырылып, қара мерзімі бұзылған жоқ. Манғыстау облысында 45 сот залы бар, олар 100% дыбыс-бейне жазу құрылғысымен жабдықталған. Пандемия кезінде WhatsApp және zoom платформалары арқылы тараптар іске мобильді қосымшамен қатысты. 2020 жылы облыс соттарында онлайн-байланыс

арқылы 17034 сот отырысы өткен, түзеу мекемелерімен 1127 процесс, жергілікті соттар арқылы 180 іс қаралған.

Технология мен әлеуметтік желінің күшін ұштастырған сот билігі қоғамға ашықтығын үздіксіз дәлелдеп келеді. Бүгінде кез келген сот барлық байланыс арналары арқылы қоғаммен тығыз байланыс орнатып, жұртшылықтың мәселелері мен сауалдарына жедел жауап беруде. Міне, жоғарыда аталған жұмыстар сот жүйесінде заманауи технологияның дендеп енгізілгенін, соттарда цифрландыру жұмысының алдыңғы легте екенін байқатады. Технологияларды кен қолдану – сот жұмысын жеңілдету отырып, сапасын арттырады.

**Лариса КЕНЖЕЕВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

ТҮСІНДІРМЕ

АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КЕПІЛІ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілуіне санаулы уақыт қалды. Құжатқа сәйкес әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу бірыңғай қағида-тарға негізінде жүзеге асырылмасы. Соның ішінде мына мәселелерге назар аударайық:

1. Құқықтардың басымдық принципі – әкімшілік рәсімдер туралы заңнаманың барлық күмән, қайшылығы мен түсініксіз тұсы әкімшілік рәсімге қатысушы пайдасына түсіндіріледі;
2. Ресми талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу – әкімшілік органды, лауазымды адамға әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуға, шектеуге, тоқтатуға, сондай-ақ заңнамада белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында оған міндет жүктеуге тыйым салынады.
3. Сену құқықтарын қорғау – әкімшілік

рәсімге қатысушының әкімшілік органын, лауазымды адамның қызметіне деген сенімі заңмен қорғалады;

4. Соттың белсенді рөлі – сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктеме, мәлімдеме және өтінішхаттарымен, олар берген дәлел, дәлелдеме және әкімшілік істің өзге де материалмен шектелмей, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттейді; әкімшілік процеске қатысушылардың өз бастамасы немесе уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды; әкімшілік істің нақты және заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің енгізілуіне байланысты істердің осы санатын

қарайтын ауданаралық мамандандырылған әкімшілік соттар құрылмақ. Кейбір санаттарды бірінші сатыдағы сот қағидасы бойынша Жоғарғы Сот пен Нұр-Сұлтан қаласының соты қарайтын болады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдау мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесінде және жоғары тұрған органдар және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқығын қорғау кепілдігін бекітуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға әкеледі деп күтілуде.

**Гаухар НҰРМАНОВА,
Көкшетау қалалық
сотының судьясы**

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

3. «Кредит Сервис Ломбард» өтеп алынбаған мүлкті (зергерлік бұйымдар, тері бұйымдары, техника) сату бойынша сауда-саттықты жүргізеді.
Өткізу орны: Нұр-Сұлтан қ., А.Кравцов көш., 6.
Өткізу күні: 01.04.2021ж; 02.04.2021
Сауда-саттықтың басталуы: 10:00.
Анықтамалар үшін телефоны: 87753712969.
Лиц. 01.21.0009Л

4. Алматы қаласы Өлеус ауданының №2 аудандық сотына Алматы қаласы, 1 ш/а, 7-үй, 8-пәтер мекенжайы бойынша тұратын Никитин Сергей Леонидовичтен Украинаның Харьков қаласының тұрғыны, зейнеткер, 01.05.1933 ж. т., соңғы белгілі тұрғылықты жері: Алматы қ., 1 ш/а, 7-үй, 8-пәтерде тұрған Никитина Валентина Григорьевнаны қайтыс болды деп тану туралы өтініш түсті.
01.05.1933 жылы туған азаматша Никитина Валентина Григорьевнаның тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар тұлғалардың бірі туралы Алматы қаласы, Өлеус ауданының №2 аудандық сотына, Құанышбаев көшесі, 44а мекенжайына жарияланған күнінен бастап үш ай мерзімде хабарласулары сұралады. Тел.: 333-12-01, 87073937617.

7. Ақтөбе қалалық №2 сотында 2021 жылғы 2 наурызда Ақтөбе қаласы, Сәтпаев көшесі, 22-үй, 46-пәтердің тұрғыны Енсепов Мықтыбектен өз баласы Енсепов Ерлан Мықтыбековтің хабарсыз кетті деп тану туралы арзы бойынша азаматтық іс қозғалған. Осыған байланысты 28.06.1980 жылы туылған, жұмыс орны жоқ Енсепов Ерлан Мықтыбековтің жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күнінен бастап үш ай мерзімде Ақтөбе қаласы №2 сотына немесе полиция органдарына ол туралы хабарлауды ұсынамыз.

8. «Атамекен Қоныс» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі өз қызметін тоқтатқанын хабарлайды. Шағымдар болған жағдайда жарияланған күннен бастап 2 екі ай мерзімде мына мекенжай бойынша қабылданады. Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданы, Қазталов ауылдық округі, Қоныс ауылы, Абай көшесі, 4-үй.

11. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушылары Серіктестіктің атқарушы органының шешіміне сәйкес 2021 жылы 20 сәуірде сағ.11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезекті Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 20 сәуірде аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2021 жылғы 9 сәуірдегі жағдайы бойынша жасалады.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:
«Шығысэнерго» ЖШС-нің 2020 жылғы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігін бекіту туралы;
«Шығысэнерго» ЖШС-нің Бақылау кеңесін (Директорлар кеңесін) сайлау туралы.

Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2021 жылғы 30 сәуір.

Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

6. «АлатауКомСервис» ЖШС, БСН 120940004633, жарғылық капиталдың 1 947 330 341,55 теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі селуі, «Асыл Арман» ЖМ 5, каб. 382.

2. «Exclusive Home» ЖШС, БСН 160540022169, өзіне «Exclusive Group (Эксклюзив Груп)» ЖШС-нің, БСН 070140002389, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бегалин көшесі, 68-үй, пошта индексі 050010.

ТАРАТУ

5. «Assau E» ЖШС, БСН 171040009366, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, КАЗПИК ауылы, Балта Сейдалиев көшесі, 68А жер телімі, индекс 040700. Тел.: 87073913868.

9. «ТАХСНАБ-АКТИВ» ЖШС, БСН 060640014587, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Амангелді көшесі, 59А үй, 3-қабат, кенсе 3Б. Тел.: 8(727)3115435.

10. «Стимул Алматы» ЖШС, БСН 071240013221, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР Алматы қаласы, Алматы ауданы, Амангелді көшесі, 59А-үй. тел:7(727) 311 54 35

12. «Ынта мен ынтымақ» қоғамдық қоры, БСН 170140021128, Мемлекеттік тіркеу №115454-1910-КР, 23.01.2017ж., өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ключков көшесі, 21-үй, 29-пәтер. Тел: 87788783408.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«KAIVOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштары. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 87019457336 Татыяна.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татыяна.
ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

– Нариман, маған келіп кетші, – деген генерал Досов ағамның телефондағы дауысын естігенде ұшып кете жаздадым. Бұл кісі жай анау-мынау генерал емес, МВД деп қысқартып айта-тын Ішкі істер министрі. Ал мен болсам көкбазардың түбіндегі тоғыз қабат көк әйнекті үйдегі көп журналистің бірімін. Министр отыратын Держинский көшесіндегі сұр үйге әп-сәтте жетіп бардым.

Бұл министр – менің әкемнің соғыста қайтыс болған Дос бауырының жалғыз ұлы. Интернатта, Ресейдегі әскери училищеде, институтта оқып, шетте өсті. Иығына пагон тағып, өмір бойы осы салада істеп, міне министр болғалы үшінші жылға ауды, атағы дүркіреп тұр.

Қабылдау бөлмесіндегі төзіммен кезек күткен сандаған генерал, полковниктерді бір-бірлеп тез қабылдап, шығарып жіберді.

– Әкең-шешен қалай, барып тұрасың ба? Алматыға көшіп келмей ме? – деп министр ағам жаймашуақ қарсы алды. – Көкеме барып сәлем беріп қайтайық бір жексенбіде – деп, алдындағы күнтізбесін ақтарып күнін белгілеп те қойды. Үні біртүрлі мәнерлі, мағыналы естіледі.

– Нариман, бізге қызметке екі мәрте шақырып едім, ат тоныңды ала қашып келмедің. Бүгін сенің қайта-қайта сұрап қоймаған өтінішіңді орындайын деп отырмын. Бірақ сен мұны жазып жүрме, тіс жарып жан баласына айтушы болма. Түсіндің бе! Кәне, уәденді бер. Дұрыс. Бізде тәртіп қатал өзін білесің. Жаналғыш дегендердің қандай болатынын көзіңмен көресің. Шыңғыс хан кінәліні бүктеп, бел омыртқасын күтірлетіп сындырып жіберетін болған. Иван Грозный деген патша мұзға ойық жасатырып, соған қол-аяғын байлап тірідей тастатып отырған. Гитлер қанішер тұтқындарды топ-тобымен крематорийге айдап апарып, өртеткен. Ресейде ауыр қылмыс жасағандарды бүкіл елдің алдында дарға асқан. Ал, бізде басқаша. Қорықпай-ақ қой, көзің бағжылып кетті. Жүр, қане, қазір көрсетейін, – деп орнынан жеңіл көтеріліп, мені бастап алға түсті.

Қылмыскер

Сарт-сұрт ертіп жүрген кезінде жаяу адам ілес алмайды, бөкендеп желіп отырасың. Өзі де көркем, сымбатты. Әсіресе, толқын-толқын шаштары көзге қандай әсем шалынады. Орысша, қазақша мүдірмей сөйлегендегі шешендігін айтыңыз. Көп оқыған-тоқыған тұңғық терең білімдарлығы қандай десеніңіз! Мекеме үйінің іші ұзын, бұлың-бұлың. Лифтімен төмен сырғып келеміз. Бес қабат жер астына түстік-ау. Бұл сұр үйдің үсті алты қабат.

Ауыр қара шойын қақпа ашылып, темір торланған дарбаза алдында тұрған екі қарауыл милиционер қолдарын сарт-сұрт шекесіне апарып, сіресіп, естері шықты. Шені үлкені бізді бастап шамдары күнгірт жаңған ұзын дәлізбен алып жүрді. Шылдыр-шылдыр еткізіп тағы бір есікті кілтпен ашып, кең залға кіргізді. Бүйірдегі есіктен ұзын бойлы сержант шығып:

– Жолдас генерал! Тапсырманы орындауға рұқсат етіңіз, – деп рапорт берді.

– Орындаңыз!
Ағамның даусы гүрілдеп, күркіреп шығады. Жалпы, генерал біткеннің дауыстары қаһарлы әрі жуан, салмақты.

– Құп болады! – деп сержант жалт бұрылып, жанағы өзі шыққан кабинетке кіріп кетті.

Біз келген есіктен тағы үшеу кірді де, министрді көре сала сымдай тартылып тұра қалды. Шені үлкені:

– Жолдас генерал, бүгінгі операцияны атқаруға прокурор, дәрігер толық дайын. Операцияны өткізу бастығы капитан Мелдешов – деді орысшалап.

– Дәрігер халатыңыз қайда?
– Міне, жолдас генерал, сөмкемде – деп көзілдірікті дәрігер дереу қолын-



дағы үлкен портфелінен ақ халатын алып киді.

Анадай жердегі қабырғаға ілінген үлкен сағат тілі 11:00-ді көрсеткенде зінгіттей ірі екі сакшы қолы артына қайырылып, кісенделген қылмыскерді дедектетіп әкелді.

Ату жазасына кесілген қылмыскер дегенде көз алдымда бет-аузы тыртық-тыртық, көзі заһар отын шашқан, аузынан ақ көбік атқан құбыжық бейнелі албастыдай, қорқынышты біреу тұратын.

Мына тұтқын отыздан жаңа асқан, аяқ-қолы келсаптай, палуан тұлғалы сабырлы жан. Тыпырып, тықыршымайды бәріне жайбарақат. Анадай жердегі темір креслоға отырғызып, қол-аяғын құрсаулап бекітті, кеудесін шандып шырмап байлап тастады. Қыңқ деген дыбыс шықпады.

Ұзынтұра прокурор жіңішке дауысымен қандаладай қадалып үкімін оқи бастады. Қылмыскер оны әрбір әріп, нүкте, үтіріне дейін сан қайтара оқып, бір жыл ішінде жаттап алса керек, былк етпеді. Тек ұялы алақандай бақшиған көзінің асты жыбыр-жыбыр еткенін ғана байқадым. Прокурор мұндайға еті үйреніп кеткен бе, тұқ болмағандай:

– ... Ату жазасына үкім етілді! – деп бұдыраған қағазын жинап, қасымызға келіп тұрды.

Ақырғы аманат

Тым-тырыс өлі тыныштық орнады. – Қылмыскер не дейсің? – деді генерал әлгіге оқты көздерін қадап.

– Камерамда балаларыма жазылған хатым қалды. Соны қолдарына тапсырыңызшы, начальник генерал! Осы аманатым, соңғы тілегімді орындаңыздаршы, өтінемін! Жалынып сұраймын!..

Үні майда жұғымды, жалынышты. Алақандай қайратты көзімен маған шаншыла, кадала қарағанда денем түршікті. Заң адамдарына ілесіп жазғыра қарайтындай нем бар, дәтім шыдамай жанарымды бұра бердім.

Сол жақтағы есіктен басына қара маска-бетперде киген қолында мылтығы бар бағанағы сержант шыға келіп: – Рұқсат етіңіз! – деп екі аяғын бір-біріне сарт-сарт ұрып, қолын шекесіне апара қаздырып қалды.

– Рұқсат! – деп генерал күркірей гүрілдеген дауысымен бұйрық берді.

Қылмыскердің екі көзі менде, жазықсыз екеніме сеніп дос тартып тұр. Осы бір баданадай бақшиған жанарларында

не ой, не сезім жоқ десенші!.. Өкініш пен өтініш, жалыну мен жауығу. Жалбарынған қос жанары кейде жәудіреп мұная ма, тұнық көлдей бола қалады да, артынша-ақ тез бүлініп шатынап, жарылатын бомбадай өзгереді. Дәл сол кездегі үрке, шошына қарағаны: өкпеңді суырып алғандай оқ боп тиеді. Жаралы құсқа тас атып нем бар, көңілмен қараған болдым. Ол да соңғы тірлік үстінде соны сезіп тұр. Екі жағындағы милиционер қара шүберекпен көздерін бастыра байлап тастады да, біздің артымызға келіп тұрды.

Екі сұқ көздің түпсіз қасіретіне, жүрегім суылдап тұрған мен сонда барып «уһ» деп есімді жидым... Көрген жаман түс құйынынан ояна кетіп өзіме келген адам сияқтымын. Генерал бізді шетке бұрып онаша тұрғызды.

Маска киген сержант бірден алға он қадамдай барып, мылтығын кезеніп тұра қалған. Мылтық үні ақырын ғана шырты етті.

Темір креслода тіп-тік отырған бейбақ жан басы сылқ етіп, қылжиды да қалды.

Ақ халат киген дәрігер барып, тамырын ұстап көріп:

– Тапсырма орындалды – деді. Прокурорға ілесіп біз де жанына бардық.

Қылмыскердің дәл маңдайынан бармақтай жер қызылдақтанып тұрды да, содан екі-үш түйір қан төмен сырғып аға жөнелді...

Дәрігер көзін байлаған қара шүберекті шешті. Екі көзі ұясынан шығатындай бажырайып, ағы молайып, жанары сөніп, бақшынып тұр. Қолына резеңке қолғап киген дәрігер екі көзін жұмдырды.

– Нөмірі қандай?
– №31 – деді генерал сұрағына капитан тақылдай жауап беріп.

– Солай деп моласының үстіне темір қалақшаға жаздыртып қойындар. Мынаның камерасындағы хатын дезинфекциялап, тексеруден өткізген соң, маған әкеп беріңдер, – деді де министр маған «кеттік» дегендей ишараттап, сыртқа беттеді.

Күдік

Кабинетіне келген соң, демалыс бөлмесіне кіріп ұзақ жуынып:

– Сен де беті-қолыңды жуып ал! – деді. – Осындай операциялардан кейін кірлеп шомылды боласың. Кешке үйде тағы шомыламын, – деді ағам көлдей

орамалымен сүргініп жатып.

– Сен бұл көрген-білгеніңді жан адамға айтушы болма! – деп министр көкем тағы ескертті.

Үш күннен кейін бұл кісі мені тағы шақырды.

– Ана көмекшім отыратын кабинетті іштен жауып ал да, мынаны оқып көр, – деп көк дәптер ұсынды.

Әнеүкүнгі қылмыскердің шақпақ жол дәптердің жартысын толтыра жазып қалдырған хатын екі қайтара оқып шықтым.

Хатты Арман, Асқар атты екі ұлына арнап жазыпты. Ешбір қылмыс жоқ, жаланың құрбаны болғанын, кездейсоқ оқиғадан жазым болғандар үшін мұны кінәлағанын тәптіштеп айтыпты. Арақ, наша деген қызылқоз пәле шықты, содан аулақ болындар. Сендер ұзақ, бақуатты жасайсындар. Әкеміз осындай адам шошырлық қылмыс жасады деген қарғыс, жала беттеріңе таңба болып, сеніп қалмаңдар. Кейін, көп кейін көресіндер, сенесіндер сонда ақ, адал екеніме. О дүниеде де тек сендердің тілеулеріңді тілеймін, – деген сарында төгіліп, егіліпті. Хатты бірнеше мәрте көшіргенін айтып, әйгер бұл жазбаға жүректері сенсе, етеуір марқұм әкелерін кешіргенін қалайды.

– Хатты оқып қатты толқып, таңқалдым. Жан сырын ақтарып, ақ қағазға өмірін өрнектен қалдырып кетіпті – дедім министр ағама.

– Сен сол антұрғанның жазғандарына шынымен сеніп отырсың ба? Бәрі жылғи өтірік. Бұл малғұндарға ату жазасы үкім шыққаннан кейін бірден орындалмайды. Ол облыс, республика, Мәскеуге барып бекіп келгенше бір жыл өтеді. Жан беру оңай емес, сүйкетіп, өтірікті судай сапырып, тап-тазамын, жалақорлар түбіме жетті деп сықпыртып арызды үсті-үстіне айдайды. Заң бойынша ол тексеріліп, бәрі бітіп келгенше, уақыт созылып, бір-екі жылдан да асып кетеді. Міне, осы кезде олар қиялиланып, әйеліне, балаларына хат жазуға кіріседі. Неше түрлі қитұрқы актуал жолдарын айтып, онысымың көшіріп, аманаттап жеткізуге тырысады. Ақын боп кететіндері де, алдап жындытандындары да, тіпті өз-өзіне қол жұмсайтындары, өзінің аяқ-қолын сындырып, мүгедек болып қалатын неше түрлі сұмырайлар толып жатыр. Мына хат жазғыш салмақты көрінді, ешбір бақырып-шақырмады. Үкім орындауға әкелерде кейбірі тырысып, жүрмей, сүйреп әуреге түсіреді. Көбісі жылп

бақырып, аузына не келсе соны оттап, лағнеттеп кетеді. Кейбірі адам таңылатын темір креслоны көргенде жүрегі тарс жарылып, жүріп кетеді. Әнеүкүнгі албасты бәле басқалардан титтей рақым болмасын сезіп, көзбен ішіп-жеп, соңғы сөзін саған арнады, байқадың ба? Бұлар – әбден сары аяқ, қу мүйіз психолог болып алған сұмдар ғой. Сенің түріңе қарап бірден бұл органның адамы емес екендігіңді таныды. Өзін саған аманаттап кеткендей болды. Іштей табыстады. Қылмысына қарай олар жазасын алу керек! – деп министр орнынан түрегеп графиннен су құйып ішті.

– Аға, мына хатты балаларына тапсырыңызшы. Кейін өскенде ең болмаса көңілдеріне демеу болсын. Соңғы аманаты ғой.

– Бұл қанішерлерге еш уақытта сенуге болмайды, екі адамды өлтірген қанішер ол. Жарайды, көрерміз. Тек әнеүкүнгі көргеніңді, мына хат жайында бір адамға айтушы болма, – деп министр толқын-толқын шашын қолымен қайырып қойып, алтын жалатқан көзілдірігін киіп, әңгіменің біткендігін аңғартты.

Жалғанда атылар алдында көз алдында болған адамнан жаман нәрсе жоқ екен. Алақандай қос жанарынан жас төгіліп: жалынышты, жалбарынады-ау, кейде сөніп шақшиған екі көзі жыпылықтап бір өліп, бір тірілеме-ау! Түсіме көпке дейін кіріп, шошынып жүрдім...

Кездесу

Алматыдай ғажап, көркем қала әлемде жоқ-ау. Жылдағы демалысымды осы көкке шаншылған Алатау баурайында аунап-қунап, рахаттана өткіземін.

Медеуге бара жатқан жол бойында көкорай шалғын, қалың ағаш көмкерілген МВД санаториінде жеке ақсарай люкске орналастым. Енді жаңа кітабымның қолжазбасын қарап шықпақпын.

Түскі асқа барғанда асханада Досов ағамды кездестіріп, мәре-сәре болып қалдым. Мақсат Досов министрліктен түсіп қалып, МВД училищесі бастығы болып жүріп, зейнетке шыққан. Жанындағы жеңгем – баяғыдағы әңгелектей дөңгеленген сұлу келіншек бұл күндері тым толық, ыңкыл-сыңқылы көп, әзер жүріп-тұратын кәужіреген кемпірге айналыпты. Ағамның көмірдей тұнық қара шаштары сиреп, Алатаудың күз-шақталғанындай ағарып, көзілдірігінің астындағы екі көзінің жиектері қызарып, жиі жасаурай беретін болыпты. Бірақ қырым ет жимаған сыптығырдай тіп-тік қалпы, жүрісі ширақ, тек құлағы сәл-пәл тосаң тартқан.

– Біз үш күннен кейін шығамыз. Осыған тегін жолдама берген соң келіп қалдық. Бәйбішенің қан қысымы көтеріліп, жүре алмай қиналып жүр. Министр болып тұрғанда осы санаторийді Үлкен кісіге кіріп жүріп, өзім сұрап салдырған едім. Қарашы, қандай керемет жерге орналасқан, тау жақ, арқыраған өзен мынау. Онда Абай көшесінің жоғарғы жағы қалың тоғай, ну орман болатын. Сонда осы жерді таңдап, мына нән қарағай, шыршаларды кестірмей өзім қатаң бақылап жүріп бітірткен едім. МВД қызметкерлері жүйкеден жүйке жоқ, күндіз-түні шапқылап жүрген асыл азаматтар ғой. Солар рахаттанып демалсын дедім. Айтпақшы, бүгін ораза басталыпты. Кешкі асты ішпей, біздің палатаға кел, ауызашар беремін, – деді көкем жанындағы столға отырғызып.

Қырғауылдыда тұратын күйеубаласы мен медик қызы мол дастарқан жасапты. Жасы келген бір кісі мақамдап құран оқыды. Сылқия тойған астан кейін аға екеуміз сейілдеуге далаға шықтық.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жаная Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамедиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана

Тапсырыс №37 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г кәулікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31